

Серіктестік (қосылу) туралы шарт

1. Шарттың құқықтық мәртебесі

1.1. Серіктестік (Қосылу) туралы осы Шарт (бұдан әрі – «Шарт») қосылу шартының стандартты үлгісі болып табылады және «Airba FinTech» ЖШС (бұдан әрі – «Airba FinTech»), «Airba Pay» ЖШС (бұдан әрі - «Airba Pay») және Серіктестер арасындағы қатынастарды реттейді.

1.2. Шарт осы Шартқа № 1 Қосымшада көзделген үлгі бойынша Серіктестік туралы шартқа сөзсіз қосылу туралы Өтінішке (бұдан әрі – «Өтініш») Серіктестің қол қоюына негізделетін оны акцептеген сәттен бастап, бұдан әрі «Тараптар», ал жеке-жеке «Тарап» деп аталып, Airba FinTech, Airba Pay және Серіктестер арасында жасалған болып есептеледі. Өтінішке қол қою арқылы Серіктес Шартпен және оның барлық Қосымшасымен танысқанын және келісетінін растайды, сондай-ақ Шартта белгіленген барлық шарттар мен міндеттемелерді қабылдайды. Серіктес қол қойған өтініш Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

1.3. Өтініште көрсетілген күн - Шарт жасалған күн. Шартты жасасу орны - Алматы қаласы.

1.4. Серіктестерді осы Шарттың ережелерімен және оның қосымшаларымен (олардағы өзгертулермен және толықтырулармен) таныстыру мақсатында Airba FinTech оларды өзінің интернет-ресурсында орналастырады: <https://arbp.kz/haia> (бұдан әрі - «Платформа»). Платформаның иесі - Airba FinTech.

1.5. Шарттың 1.2.-тармағында көзделген тәртіппен Шарт жасасқан Серіктес бір мезгілде барлық құқықтарға ие болады және осы Шартта көзделген барлық міндеттерді қабылдайды. Шарттың талаптарын Серіктес Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 389-бабына сәйкес тұтастай Шартқа қосылу жолымен ғана қабылдай алады.

2. Шартта қолданылатын ұғымдар

2.1. Шартта келесі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

Клиент	Серіктестен Тауар сатып алатын жеке тұлға.
Бағдарламалық жасақтама	Airba FinTech бұлтты есептеу технологияларын пайдалана отырып әзірлеген, Клиенттерден келіп түсетін сұрауларда/Ақпараттық платформадан Клиенттердің Төлем жасаудың бір немесе бірнеше тәсілдерін ұсынуға сұрауларында қамтылған ақпаратты нақты уақыт режимінде автоматты түрде өңдеуді жүзеге асыратын бағдарламалық жасақтама.
Ақпараттық платформа	Серіктеске тиесілі ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы электрондық саудаға қатысушыларға инфрақұрылымды қамтамасыз ететін, оның ішінде олардың арасында Тауарларды сату-сатып алуға, қызметтер көрсетуге байланысты шарттар жасасуға мүмкіндік беретін цифрлық ақпараттық жүйе, оның ішінде Серіктестің интернет-ресурсы.
Тауар	Серіктес сататын тауарлар/қызметтер/жұмыстар.
Төлем жасау тәсілі	Қаржы ұйымы ұсынған қаражат есебінен Тауардың құнын төлеу жөніндегі міндеттемені Клиенттің орындау түрі.
Сыйақы	Серіктес осы Шарттың тәртібімен және талаптарымен төлейтін Airba FinTech және Airba Pay сыйақысы.

Airba Pay сыйақысы Төлем қызметтерінің және ақпараттық-технологиялық сервистерді ұсыну жөніндегі қызметтердің құнын, Эквайер-банктің және Есеп айырысу банкінің кез келген комиссияларын, Шарт бойынша міндеттемелерді орындау барысында Airba Pay шеккен өзге де шығыстарды қамтиды.

Халықаралық төлем жүйесі (ХТЖ)

Осы жүйенің төлем құралдарының бірыңғай стандарттарын пайдалана отырып, әртүрлі елдердің банктері арасындағы есеп айырысу жүйесі.

Серіктестің жеке кабинеті

Авторизациядан кейін Серіктеске қолжетімді Бағдарламалық жасақтама бөлімі, онда Серіктес Клиенттер сатып алатын Тауарлар туралы мәліметтерді жазып, Airba FinTech-ке Клиенттің Төлем жасаудың бір немесе бірнеше тәсілдерін пайдалануға сұрау салу ниеті туралы ақпарат бере алады.

Жұмыс күндері

Сенбіден, жексенбіден (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актісімен демалыс күндері сенбіден немесе жексенбіден басқа жұмыс күндеріне ауыстырылған жағдайларды қоспағанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жұмыс істемейтін күндер болып табылатын мереке күндерінен басқа барлық күндер (Алматы қаласы уақытымен сағат 9:00-ден 18:00-ге дейін).

Тыйым салынған тауарлар

Қаруды, атыс және жарылыс қаупі бар заттектер мен заттарды; есірткі, психотроптық, уытты, күйдіргіш және радиоактивті заттарды; адам ағзалары мен тіндерін; алкоголь және темекі өнімдерін (Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдардың тиісті рұқсатынсыз); құмар ойындарды ұйымдастыру және өткізу бойынша қызметтерді (Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдардың тиісті рұқсатынсыз); жыныстық сипаттағы қызметтерді; үшінші тұлғалардың зияткерлік меншікке құқықтарын бұзатын, сондай-ақ жалпы қабылданған мораль мен адамгершілік нормаларына қайшы келетін қызметтерді; Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айналымда тыйым салынған немесе шектелген; Airba FinTech/Airba Pay немесе ХТЖ іскерлік беделіне теріс әсер етуге қабілетті өзге де Тауарларды өткізуге (оның ішінде өткізудің өзімен) байланысты тауарлар (көрсетілетін қызметтер).

Airba FinTech/Airba Pay-де қолда бар ақпарат бойынша Серіктес Клиентке ақысы төленгеннен кейін ұсынбайтың (көрсетпеген) тауарлар (қызметтер), оның ішінде Серіктес Airba FinTech/Airba Pay-ге оларды Клиентке ұсыну (көрсету) фактісін растайтын тиісті құжаттарды беруден бас тартқан Тауарлар және/немесе оларға қатысты Серіктес оларды өткізу фактісі туралы хабарламаған/сатылатын Тауарлар туралы дұрыс емес ақпарат берген Тауарлар.

Төлем	Клиент сататын Тауарлар үшін Серіктестің пайдасына Жүйе арқылы төлеген ақшалай қаражатты қолма-қол ақшасыз төлеу операциясы.
Транзакция	Бір шоттан екінші шотқа ақша аударудан тұратын банк операциясы.
Төлем қызметтері	Airba Pay «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, сондай-ақ Airba Pay қабылдаған Төлем ұйымының қызметін жүзеге асыру қағидаларына сәйкес Клиент/Серіктес бастамашылық еткен төлемдерді электронды түрде өңдеу және төлемді және (немесе) аударымды немесе осы төлемдер бойынша ақша қабылдауды жүзеге асыру үшін банкке, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға қажетті ақпаратты беру бойынша көрсететін қызметтер.
Airba Pay жүйесі/Жүйе	Airba Pay пайдаланатын және электронды түрде Клиенттердің бастамасымен Серіктестің пайдасына Төлемдер аударымдарын жүзеге асыру шеңберінде Airba Pay-дің, Банктің, Есеп айырысу банкінің, Клиенттердің, Серіктестің ақпараттық-технологиялық өзара іс-әрекетін қамтамасыз ететін бағдарламалық-аппараттық кешен.
Есеп айырысуға қатысушылар	Банк, Есеп айырысу банкі, Клиент, Серіктес.
Банк/Банк-эквайер	Airba FinTech/Airba Pay серіктесі болып табылатын және Тауарға төлем жасаудың түрлі тәсілдерімен ақы төлеу мақсатында Клиенттер жасайтын операцияларға тәулік бойы авторизация жүргізуді қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасының екінші деңгейлі банкі.
Есеп айырысу банкі	Төлемдер бойынша есеп айырысуларды жүргізу мақсатында Airba Pay тартатын Қазақстан Республикасының екінші деңгейлі банкі.
Chargeback (Dispute Financial)	Эмитент-банктің Тауарды сатып алу-сату мәмілесі/қызмет көрсету шарты бойынша Серіктес міндеттемелерін тиісінше орындамаған жағдайда немесе эмитент-банкке карт-шотынан төлем жүргізілген төлем карточкасын ұстаушының осы карт-шоттан ақшаны заңсыз есептен шығару туралы өтініші түскен жағдайда даулы транзакция сомасын төлем карточкасын ұстаушыға қайтару қажеттілігі туралы талабы.

3. Шарттың Мәні

3.1. Шарттың талаптарына сәйкес Airba FinTech Серіктеске Бағдарламалық жасақтаманы пайдалануға қолжетімділікті қамтамасыз ету, сондай-ақ оны пысықтау, сүйемелдеу және өзгерту бойынша қызметтер көрсетеді. Бағдарламалық жасақтаманы пайдалана отырып жүзеге асырылған ақпаратты автоматты түрде өңдеу нәтижелері Airba FinTech интеграция арналары арқылы Клиенттің Тауарларды сатып алу мүмкіндігін іске асыру үшін Төлем жасау тәсілдерінің бірі арқылы және олардың арасында жасалған тауарларды Сатып алу-сату шарттары/қызметтер көрсету шарттары бойынша Серіктес пен Клиенттер арасында есеп айырысуды қамтамасыз ету үшін жіберіледі.

3.2. Airba Pay Серіктеске келесі қызметтерді көрсетеді:

3.2.1. Airba FinTech/Ақпараттық платформа Бағдарламалық жасақтама құралдары мен сервистері арқылы Серіктес пен Клиенттер бастамашылық еткен төлемдерді электронды түрде өңдеуден, сондай-ақ Тауарларды төлеу және/немесе қайтару кезінде туындайтын төлемдерді

және (немесе) аударымдарды жүзеге асыру үшін Есеп айырысу банкіне қажетті ақпаратты беруден тұратын төлем қызметтері.

3.2.2. Төлем қызметтері, сондай-ақ Серіктес сататын Тауарлар (эквайрингтік операциялар) үшін Клиенттерден Серіктестің пайдасына Төлемдер қабылдау шеңберінде ақпараттық-технологиялық сервистерді ұсыну бойынша қызметтер.

3.2.3. Airba Pay ұсынатын ақпараттық-технологиялық сервистер:

3.2.3.1. Төлем әдістерін қосуға арналған шлюздер;

3.2.3.2. Онлайн-сервистерді қосуға арналған API;

3.2.3.3. Қазақстан Республикасының эмитент-банктерінің төлем карточкаларын және/немесе шетелдік эмитент-банктердің карточкаларын пайдалана отырып, төлем қызметтерін көрсету кезінде (эквайрингтік операциялар) Серіктестерге төлем тізілімдерін күнделікті негізде ұсыну;

3.2.3.4. Төлемдерді қайтару сервисі;

3.2.3.5. Серіктесті техникалық қолдауды жүзеге асыру.

3.3. Серіктес Airba FinTech және Airba Pay-ге көрсеткен қызметтері үшін осы Шартта және оған қосымшаларда көзделген мерзімдерде, тәртіпте және шарттарда сыйақы төлеуге міндеттенеді.

3.4. Шарт Серіктес Өтінішті қағаз жеткізгіште/ЭЦҚ көмегімен электрондық түрде қол қойған сәттен бастап жасалған болып есептеледі.

3.5. Осы Шартқа қол қоя отырып, Серіктес мынаған келіседі:

3.5.1. Клиент Төлем жасау тәсілдерінің бірін сәтті таңдаған және пайдаланған жағдайда, Клиент және/немесе ақша қаражатын ұсынған қаржы ұйымы Клиенттің өтінімінде/сұрауында көрсетілген мақсаттарға сәйкес соманы аударуға бағытталған төлемдерді өңдеу бойынша соңғы қызметтерді көрсету үшін Airba Pay шотына ақша аударады. Шарттың осы тармақшасында көрсетілген төлемдерді өңдеу жөніндегі қызметтерді Airba Pay шотына ақша түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Airba Pay көрсетуі тиіс;

3.5.2. Клиент Тауарды сатып алған күннен бастап күнтізбелік 14 (он төрт) күн ішінде Серіктеске қайтарған кезде, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіпте ақшаны толық көлемде қайтару Клиенттің қызмет көрсететін банкіне одан әрі аудару үшін Airba Pay арқылы жүзеге асырылады.

Клиент Серіктестің қызметтерінен/жұмыстарынан бас тартқан кезде, ақшаны қайтару Серіктес сайтында/Клиент үшін қолжетімді жерде орналастырылған Серіктестің Қайтару саясатына сәйкес Airba Pay арқылы жүзеге асырылады.

3.6. Егер бір тапсырыс шеңберінде Клиент 1 (бір) Тауардан артық сатып алған жағдайда, онда Тауарды сатып алған күннен бастап күнтізбелік 14 (он төрт) күн ішінде қайтарған кезде ақшаны ішінара қайтару көзделмейді. Төлем жасау тәсілдерінің бірімен сатып алынған барлық Тауар, тиісінше, бұрын сатып алынған Тауарлар үшін аударылған барлық ақша сомасы қайтарылуы тиіс.

Егер бір тапсырыс шеңберінде Клиент 1 (бір) қызметтен/жұмыстан артық сатып алған жағдайда, онда қызметтен/жұмыстан бас тартқан кезде ақшаны қайтару Серіктес сайтында/Клиент үшін қолжетімді жерде орналастырылған Серіктестің қайтару саясатына сәйкес Airba Pay арқылы жүзеге асырылады.

3.7. Тауарды қайтару кезінде:

1) Тауарды сатып алған күннен бастап күнтізбелік 14 (он төрт) күн ішінде Серіктес Airba FinTech-ке Жеке кабинетте қайтарым жасалғаны туралы хабарлайды. Бұл ретте Серіктес келесі жұмыс күні ішінде Тауар үшін алынған ақшаның барлық сомасын Airba Pay арқылы қайтаруды жүзеге асырады, сондай-ақ төлемдерді өңдеу қызметтері үшін Airba Pay-ге Сыйақы төлейді;

2) оны сатып алған күннен бастап күнтізбелік 14 (он төрт) күн өткен соң Серіктес Airba FinTech электрондық поштасына мынадай ақпаратты қамтитын хабарлама жібереді:

- Тапсырыс нөмірі (бірегей идентификатор) және Клиенттің Төлем жасау тәсілдерінің бірін таңдау мен пайдалану туралы сұрауы;
- Клиент ЖСН-і.

Бұл ретте Серіктес келесі жұмыс күні ішінде Airba Pay арқылы Тауар үшін алынған ақшаның барлық сомасын қайтаруды жүзеге асырады, сондай-ақ төлемдерді өңдеу қызметтері үшін Airba

Рау-ге Сыйақы және Бағдарламалық жасақтаманы пайдаланғаны үшін Airba FinTech-ке Сыйақы төлейді.

Airba FinTech қайтарылған Тауарға қатысты қосымша ақпаратты, оның ішінде Тауардың атауын, құнын және басқа да қажетті ақпаратты ұсынуды талап етуге құқылы.

Серіктестің хабарлама жіберуі Клиенттің Тауарды Серіктеске қайтару фактісін растайды.

3.8. Airba FinTech Серіктестен хабарламаны алғаннан кейін хабарламаның дұрыстығын тексереді, атап айтқанда:

- бұл хабарламалар ұсынылған Төлем жасау тәсілі бойынша деректерге сәйкес келуге тиіс;
- Тауарды сатып алуға қаражат беруге арналған тиісті шарт қолданыста болуы тиіс;
- тапсырыстың 1 (бір) нөмірі шеңберінде Тауарды қайтару бойынша аяқталмаған процестердің болмауы.

3.9. Тексеру нәтижесінде сәйкессіздік анықталған жағдайда Airba FinTech Серіктеске сәйкессіздіктің себебін көрсете отырып ақпараттық хабарлама жібереді.

3.10. Airba FinTech-тің Серіктес жіберген хабарламаны сәтті тексеру фактісі бойынша, ақшаны толық көлемде қайтару Airba Рау-дің қайтарылған Тауардың құнын, сондай-ақ Airba Рау-ге және Airba FinTech-ке тиесілі барлық Сыйақы сомаларын Серіктеске аударуға жататын ақшалай қаражаттан (бар болса), оның ішінде сатылған басқа Тауардан түскен қаражаттан ұстап қалу жолымен жүргізіледі. Аударуға жататын ақша қаражаты болмаған жағдайда, Серіктес Airba FinTech-тің оған ақшаны қайтару туралы хабарламаны жіберген күнінен кейінгі жұмыс күні ішінде Airba Рау арқылы Тауар үшін ақшалай қаражатты қайтаруды жүзеге асыруға, сондай-ақ Airba Рау мен Airba FinTech-ке тиісті Сыйақыларын төлеуге міндеттенеді. Airba Рау ақшаны ұстап қалған немесе оны Серіктестен алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде қаржы ұйымының ақшасын қайтаруды жүзеге асыруға міндеттенеді. Шарттың 3.7.-тармағына сәйкес Тауарды қайтару кезінде төлеу Тәсілдерінің бірі бойынша қаражат берген қаржы ұйымы Airba Рау шоттарынан қосымша сомаларды ұстап қалған жағдайда немесе Airba Рау қаражаты есебінен ақша қайтарылатын өзге де жағдайларда, Серіктес 3 (үш) жұмыс күні ішінде/немесе Airba Рау-дың тиісті талабымен белгіленген мерзімде Airba Рау-ге көрсетілген сомаларды Шарттың 12-бөлімінде (Airba Рау деректемелерінде) көрсетілген шотқа немесе деректемелері Airba Рау-дің талабында көрсетілетін шотқа аудару жолымен өтеуге міндеттенеді.

3.11. Серіктестің Жеке кабинетіне кіруді Airba FinTech-тен алынған нұсқауларға сәйкес жүргізеді. Бұл ретте тіркеу жазбасын жасау мен парольдерін сақтау кезіндегі сақтық шаралары үшін Серіктестің өзі жауап береді. Airba FinTech пен Airba Рау үшінші тарап Серіктесінің Жеке кабинетіне рұқсатсыз кіруге жауапты болмайды.

3.12. Өтінішке қол қою арқылы Серіктес Шартта белгіленген барлық талаптар мен міндеттемелерді қабылдайды, Шартпен, сондай-ақ Шарттың 3.14.-тармағында көрсетілген оның ажырамас бөлігі болып табылатын Қосымшалармен танысқанын және келісетінін растайды және Шартқа қосылады.

3.13. Серіктес қол қойған өтініш Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

3.14. Серіктес Шартта, сондай-ақ Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын келесі құжаттарда белгіленген талаптарды сақтайды:

1) № 1 Қосымшада көзделген үлгі бойынша Серіктестік туралы шартқа сөзсіз қосылу туралы өтініш.

2) Airba FinTech және Airba Рау Сыйақы мөлшерлемелері, сондай-ақ Сыйақыны төлеу тәсілдері Серіктес Өтініш берген кезде Тараптар қол қоятын № 2 Қосымшада, сондай-ақ Airba FinTech пен Airba Рау Сыйақы мөлшерлемелері және (немесе) Сыйақыны төлеу тәсілі өзгерген жағдайларда көзделген.

3.15. Шарт талаптарының ешқайсысы Тараптар ынтымақтастығының эксклюзивтілігін көздемейді және Тараптардың үшінші тұлғалармен ұқсас шарттар жасасу құқығын шектеу ретінде түсіндірілмейді.

4. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

4.1. Серіктес құқылы:

4.1.1. Airba FinTech пен Airba Pay-ге тәртібі мен шарттары жекелеген шарттарда айқындалатын қосымша қызметтер көрсетуге.

4.1.2. Ақпараттық платформада Airba FinTech пен Airba Pay тауар белгілерінің, фирмалық атауын (оның ішінде символика, мәтін, тауар белгісінің дизайн элементтері, суреттер, логотип және т. б.), ұранын және Airba FinTech пен Airba Pay-ден алынған және Airba FinTech пен Airba Pay логотиптерін (бұдан әрі – «Логотиптер») өзгерту құқығынсыз Ақпараттық платформада қызмет көрсету бойынша серіктестер ретінде Airba FinTech пен Airba Pay-ді көрсету мақсатында Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға қажетті Airba FinTech пен Airba Pay зияткерлік меншігінің басқа да объектілерін орналастыру орнын өз қалауымен анықтауға.

4.1.3. Airba FinTech пен Airba Pay фирмалық атауларын, сондай-ақ оларға Клиенттермен жасалатын мәмілелерде осы Шарт бойынша қызметтер көрсетудің жалпы шарттарын, оған қосымша келісім алмай-ақ атап өтуге.

4.1.4. Airba FinTech пен Airba Pay-ді осы Шартты алдағы уақытта бұзу туралы жазбаша түрде осындай бұзудың себептерін негіздей отырып, болжамды бұзу күніне дейін кемінде күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын хабардар ете отырып, Шартты біржақты соттан тыс тәртіппен бұзуға. Бұл ретте Серіктес Шарт бұзылған күнге дейін Airba FinTech және Airba Pay-мен өзара есеп айырысулар жүргізуге міндеттенеді.

4.1.5. Тараптардан олардың Шарт бойынша міндеттемелерін тиісінше орындауын талап етуге.

4.2. Серіктес міндетті:

4.2.1. Шартта көрсетілген міндеттемелердің толық, адал және уақтылы орындалуын қамтамасыз етуге.

4.2.2. Ақпараттық платформада Airba FinTech пен Airba Pay Логотиптері мен ақпаратын орналастыруға (бар болса).

4.2.3. Airba FinTech пен Airba Pay көрсеткен қызметтерге осы Шарттың тәртібімен және талаптарымен ақы төлеуге.

4.2.4. Қазақстан Республикасының заңнамасына толық сәйкес өз күшімен және өз жауапкершілігімен Клиенттерден Airba FinTech пен Airba Pay-ді қоса алғанда, кез келген үшінші тұлғаларға, Клиенттер төлем жасау тәсілдерінің бірімен ақша алуға бағытталған іс-әрекеттер жасау кезінде пайдалануды көздейтін ұялы байланыстың абоненттік нөмірлері туралы ақпаратты беруге келісім алуға, сондай-ақ Клиенттердің көрсетілген ұялы байланыс нөмірлеріне қажетті ақпараттық хабарламаларды алуға келісім алуға.

4.2.5. Клиенттердің Төлем жасау тәсілдерінің бірімен ақша алуға сұрау салу/өтінім беру мүмкіндігін іске асыру мақсатында Airba FinTech-тің Клиенттердің абоненттік нөмірлері және сатып алынатын Тауарлар туралы толық, дәл және шынайы ақпаратты Серіктестің Жеке кабинетінде тиісті жолақтарды толтыру және Серіктестің Жеке кабинетінде көрсетілген іс-қимыл алгоритмін жасау арқылы беруді/Клиенттерді Ақпараттық платформадан Airba FinTech [https:// arbp.kz/haia](https://arbp.kz/haia) интернет-ресурсына немесе Airba FinTech көрсеткен өзге интернет-ресурсқа қайта бағыттауды (редирект) қамтамсыз етуге.

4.2.6. Airba FinTech белгілеген Серіктестің Жеке кабинетімен жұмыс істеу қағидаларын қатаң сақтауға, Серіктестің жеке кабинетіне кіретін аутентификациялық деректері мен парольдерін үшінші тұлғаларға бермеуге, үшінші тұлғалардың Серіктестің Жеке кабинетіне рұқсатсыз кіруі үшін жеке жауап беруге, сондай-ақ Жеке кабинетте жасалатын кез келген іс-әрекеттер (әрекетсіздіктер) үшін, соның ішінде Серіктестің іс-әрекеті (әрекетсіздігі), сондай-ақ Серіктес жеке кабинетте жұмыс істеуге рұқсат еткен (мұндай рұқсат мақұлданған ба, жоқ па, оған қарамастан) өзге де тұлғалардың іс-әрекеті (әрекетсіздігі) үшін дербес және толық көлемде жауапты болуға.

4.2.7. Airba FinTech пен Airba Pay-ге Ақпараттық платформаға қолжетімділікті (бар болса), сондай-ақ олардың Шарт бойынша қызмет көрсетуі үшін қажетті кез келген өзге де деректерді беруге. Шарттың қолданылу мерзімі ішінде Ақпараттық платформаның жұмысқа жарамдылығына техникалық қолдау көрсетуді қамтамасыз етуге және Ақпараттық платформаның техникалық іркілістерінің туындауының барлық жағдайлары туралы Airba

FinTech пен Airba Pay-ді кез келген қалыптасқан жағдайда қолжетімді тәсілмен дереу (қалыптасқан жағдайды ескере отырып, барынша қысқа мерзімде) хабардар етуге.

4.2.8. Airba FinTech және Airba Pay-мен интеграциялау бөлігіне қатысты Ақпараттық платформа интерфейсінде (бар болса) жүзеге асырылатын өзгертулерді, толықтыруларды өзгертулер/толықтырулар енгізілген күнге дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей Airba FinTech және Airba Pay-мен келісуге.

4.2.9. 1 (бір) жұмыс күні ішінде Airba FinTech пен Airba Pay-ге Клиент жүзеге асырған Тауарды қайтару туралы ақпаратты жіберуге.

4.2.10. Airba FinTech пен Airba Pay-дің Шарт бойынша оларға тиесілі зияткерлік меншік объектілеріне, оның ішінде мыналарды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей Бағдарламалық жасақтамаға қатысты құқықтарын бұзуы мүмкін әрекеттерді қолданбауға: зияткерлік меншік объектілеріне немесе олардың бағдарламалық кодына заңсыз қол жеткізуді жүзеге асырмауға, Airba FinTech пен Airba Pay зияткерлік меншік объектілерінің бағдарламалық кодын көшірмеуге, өзгертпеуге және таратпауға.

4.2.11. Airba Pay талабы бойынша келесі жұмыс күнінен кешіктірмей, сұрау салу келіп түскен күннен кейін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген АЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚ бойынша Airba Pay талаптарын сақтау бөлігінде іс-шаралар өткізу үшін АЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚ мақсатында Серіктес, оның өкілдері, бенефициарлық меншік иелері туралы ақпарат пен құжаттарды ұсынуға. Сондай-ақ, Airba FinTech және/немесе Airba Pay талабы бойынша келесі жұмыс күнінен кешіктірмей, сұраным түскен күннен кейін Airba FinTech және/немесе Airba Pay сұратқан тізбе бойынша құжаттарды мыналарды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей ұсынуға: сатылатын Тауардың/көрсетілетін қызметтердің Тауарды өткізу/қызметтер көрсету және/немесе өткізілетін Тауар/көрсетілетін қызмет туралы ақпаратты жариялау үшін қажетті заңнама, рұқсаттар, сертификаттар талаптарына сәйкестігі туралы, оның ішінде тауар белгілерінің/қызмет көрсету белгілерінің және/немесе зияткерлік меншіктің өзге де объектілерінің құқық иеленушілерінен, Серіктестің Клиенттермен жасалатын Тауарларды сатып алу-сату/қызметтер көрсету, оның ішінде Тауарларды Клиенттерге жеткізу/беру мәмілелері бойынша міндеттемелерін орындағанын растайтын құжаттар.

4.2.12. Осы Шартты жасасу күнінен кешіктірмей Airba Pay-ге Серіктестің құжаттар пакетін, сондай-ақ Өтінішке № 1 Қосымшада көрсетілген үлгі мен мазмұн бойынша толтырылған сауалнаманы және қажет болған жағдайда Серіктестің бенефициарлық меншік иелері туралы мәліметтерді беруге.

4.2.13. Airba FinTech пен Airba Pay-ді электрондық пошта арқылы Серіктес бұрын берген мәліметтердің өзгергені туралы, оның ішінде: Серіктестің атауының, қызмет түрінің, Серіктес сайтының доменінің, орналасқан жерінің мекенжайының (заңды мекенжайының), нақты орналасқан жерінің мекенжайының (заңды мекенжайымен сәйкес келмеген жағдайда), Серіктестің электрондық мекенжайының, Серіктестің бенефициарлық меншік иелерінің, оның өкілдерінің, бренд атауының, банк деректемелерінің ұйымдық-құқықтық нысанының өзгергені туралы, ҚҚС төлеуші ретінде есепке қойғаны/немесе ҚҚС төлеуші ретінде есептен шығарғаны туралы, басшылықтың ауысқанын, телефон нөмірлерінің, құрылтай құжаттарының және басқа да мәліметтердің өзгергені туралы хабардар етуге. Серіктес көрсетілген өзгерістер туындаған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей, өзгерген мәліметтерді, Серіктестің қол қойылған жаңа редакциядағы Сауалнамасын (Серіктестік туралы шартқа сөзсіз қосылу туралы өтінішке № 1 қосымша), сондай-ақ растайтын құжаттарын ілеспе хатпен қоса, Airba FinTech пен Airba Pay-ге, Шарттың 11.2.-тармағында көрсетілген Тараптардың электрондық мекенжайларына жібереді.

4.2.14. Серіктес қызметкерлері/Клиенттері және/немесе онымен байланысты өзге де тұлғалар тарапынан алаяқтық әрекеттерге жол бермеу үшін барлық ақылға қонымды шараларды қабылдауға. Airba FinTech және/немесе Airba Pay-де Серіктестің қызметкерлерінің/Клиенттерінің немесе олармен байланысты өзге де тұлғалардың алаяқтық әрекеттеріне күдік туындаған жағдайда, мұндай жағдайларға тергеу жүргізуді қамтамасыз етуге және Airba Pay/Airba FinTech-тің жазбаша сұрау салуы бойынша растайтын құжаттарды қоса бере отырып, тергеу нәтижелері туралы толық ақпарат беруге.

4.2.15. Airba FinTech пен Airba Pay-ді жұмылдырмай, Қазақстан Республикасының заңнамасына және ХТЖ ережелеріне сәйкес қойылатын Клиенттердің Серіктеске өзара кінәрат-талаптарын шешуді қамтамасыз етуге.

4.2.16. Серіктестің шоттарына қате аударылған ақшаны деректемелері Airba Pay талабында көрсетілетін шотқа аудару жолымен Airba Pay-ға дереу (Airba Pay тиісті талапты жіберген сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде) және толық көлемде қайтаруға.

4.2.17. Airba FinTech пен Airba Pay-дың жазбаша келісімсіз осы Шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттерін бермеуге.

4.2.18. Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Шартта және Клиенттермен жасалған шарттарда көзделген жағдайларды қоспағанда, Клиент Төлем жасау тәсілдерінің бірін пайдалануға сұрау салуды ресімдеу процесінде алатын Клиенттердің дербес деректерін өңдеуді, пайдалануды және үшінші тұлғаларға беруді жүзеге асырмауға, Клиенттердің дербес деректерін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды бұза отырып пайдаланбауға.

4.2.19. Тыйым салынған тауарларды өткізу үшін Бағдарламалық жасақтаманы, Ақпараттық платформаны, сондай-ақ Тараптардың кез келген өзге де сервистерін пайдаланбауға.

4.2.20. Airba FinTech пен Airba Pay-дан алынған және Шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті, оның ішінде Airba FinTech пен Airba Pay Логотиптерін өзгерту құқығынсыз Ақпараттық платформада қызметтер көрсету бойынша серіктестер ретінде Airba FinTech пен Airba Pay-ді көрсету мақсатында қызметті жүзеге асыру орындарында жарнамалық материалды орналастыруға.

4.2.21. Шарттың 3.7., 3.10. тармақтарында қарастырылған жағдайларда, ақшалай қаражат көрсетілген тармақтарға сәйкес қайтарылып, тиісті Сыйақы төленеді.

4.2.22. Тауарды Клиентке жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен жағдайда, Клиенттің жүкқұжатқа/Тауарды алғанын растайтын құжатқа қол қоюымен жеке өзі беруге. Тауарды Клиент болып табылмайтын үшінші тұлғаға беруге жол берілмейді. Әріптес осы тармақтың шарттарын бұзған және Клиенттер (оның ішінде Тауарға ақы төлеу үшін қаражат берген қаржы ұйымына) Серіктестің Тауарды беру жөніндегі өз міндеттемелерін орындамауы себебінен талаптар қойған жағдайда, Серіктес келтірілген залалды дербес және өз есебінен толық көлемде өтеуге міндеттенеді.

4.3. Airba FinTech құқылы:

4.3.1. Серіктестен Тауарлар туралы толық ақпаратты, сондай-ақ осы Шарт бойынша міндеттемелерді уақтылы және тиісінше орындау үшін қажетті өзге де ақпарат пен құжаттарды алуға.

4.3.2. Шарт шеңберінде Серіктеспен және Airba Pay-мен ынтымақтастық туралы ақпаратты олардан келісім алмастан барлық ақпараттық-жарнамалық материалдарда орналастыруға.

4.3.3. Егер Шартты бұзу туралы хабарлау үшін өзге мерзімдер Шартта көзделмесе, осы Шарттың алдағы бұзылуы туралы басқа Тараптарды болжамды бұзу күніне дейін кемінде күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын жазбаша хабардар ете отырып, Шартты біржақты соттан тыс тәртіппен бұзуға.

4.3.4. Шартта немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздерде Airba Pay міндеттемелерін орындауды тоқтата тұрған немесе міндеттемелерін орындаудан бас тартқан жағдайда Шарт бойынша міндеттемелерді орындауды тоқтата тұруға немесе міндеттемелерді орындаудан бас тартуға.

4.3.5. Серіктес Шарттың 4.2.-тармағында көрсетілген міндеттемелердің кез келгенін бұзған жағдайда, сондай-ақ Серіктес қызметкерлері немесе Серіктеске қатысы бар өзге де тұлғалар алаяқтық әрекеттерді жүзеге асырған жағдайда, бұзушылық жойылғанға дейін немесе Серіктестен сұратылған қажетті құжаттар мен ақпарат ұсынылғанға дейін, бұл туралы Серіктесті электрондық пошта арқылы хабардар ете отырып, Серіктеске Бағдарламалық жасақтамаға, оның ішінде Серіктестің Жеке кабинетін өшіру арқылы қолжетімділікті ұсыну бойынша қызметтер көрсетуді тоқтата тұруға.

4.3.6. Шартта көзделген жағдайларда, сондай-ақ Серіктес Airba FinTech жаңартылған Сыйақы мөлшерлемелерімен келіспеген жағдайда, Шарттың 5.1.-тармағына сәйкес ол хабарланған жағдайда, Шартты орындаудан бас тартуға және оның қолданылуын біржақты соттан тыс тәртіппен тоқтатуға.

4.3.7. Серіктестің қызметкерлері/Клиенттері және/немесе онымен байланысты өзге де тұлғалар тарапынан алаяқтық әрекеттерге күдік болған жағдайда, мән-жайлар анықталғанға дейін Шарт бойынша қызмет көрсетуді кез келген мерзімге тоқтата тұруға.

4.3.8. Airba FinTech пікірі бойынша Тараптар (әрқайсысы жеке) және/немесе Клиенттер және/немесе Бағдарламалық жасақтаманы пайдалану процесіне тартылған өзге де тұлғалар үшін елеулі залалдарға әкеп соғуы мүмкін Тараптарға тәуелсіз мән-жайлар туындаған жағдайда, осындай мән-жайлардың қолданылу мерзіміне Шарт бойынша қызметтер көрсетуді тоқтата тұруға.

4.3.9. Серіктестің Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзуынан туындаған тікелей, құжатталған шығындарды өтеуді талап етуге.

4.3.10. Үшінші тұлғаларға (қосымша келісім алмай), оның ішінде серіктес банктерге Шарт бойынша тиісті қызметтер көрсету үшін қажетті Серіктестен алынған ақпарат пен құжаттарды беруге.

4.3.11. Шарт бойынша Серіктеспен өзара іс-қимылдың белгілі бір сәтті көрсеткіштеріне қол жеткізген кезде Серіктесті (соның ішінде оның жұмыскерлерін, қызметкерлерін) өз қалауы бойынша ынталандыруға. Ынталандыру төлемін алу үшін Серіктеске және/немесе оның қызметкерлеріне (жұмыскерлеріне) қол жеткізу қажет көрсеткіштер туралы, сондай-ақ төлемдердің мөлшері туралы ақпарат Серіктестің Жеке кабинетінде жарияланады не өзге тәсілмен Серіктеске жеткізіледі. Төлем Серіктеске Тараптар қол қойған Орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісінің (бұдан әрі – «Акт») және/немесе Тараптар ресімдеген өзге де бухгалтерлік құжаттардың негізінде жүзеге асырылады.

4.3.12. Өз құқықтары мен өкілеттіктерінің бір бөлігін Шарттың басқа Тараптарымен алдын ала келіспей үшінші тұлғаларға беруге. Airba FinTech-тің осы Шарт бойынша өз құқықтары мен өкілеттіктерін беруі Airba FinTech-ті ол бойынша міндеттемелерін орындаудан босатпайды және Шарт бойынша міндеттемелерді бұзғаны үшін Airba FinTech-тен жауапкершілікті алып тастамайды.

4.3.13. Серіктеске және Серіктеске қатысты ақпаратқа ие болуы мүмкін кез келген басқа тұлғаларға Серіктеске қатысты құжаттар мен ақпаратты ұсыну туралы сұрау салумен, сондай-ақ Серіктес берген ақпараттың шынайылығы мен дұрыстығы туралы сұрау салумен жүгінуге. Серіктес келесі жұмыс күнінен кешіктірмей, Airba FinTech-тен сұрау түскен күннен кейін осындай құжаттар мен ақпаратты Airba FinTech сұратқан түрде ұсынуға міндеттенеді.

4.3.14. Тараптардан олардың Шарт бойынша міндеттемелерін тиісінше орындауын талап етуге.

4.4. Airba FinTech міндетті:

4.4.1. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Серіктестің Жеке кабинетін ашу және Серіктеске Серіктестің Жеке кабинетіне қолжетімділік беру жөніндегі іс-шаралар жүргізуге (мүмкіндік болған жағдайда).

4.4.2. Осы Шарттың 3.1.-тармағында аталған қызметті көрсету кезінде Клиент, Серіктес, Airba Pay және Төлем жасау тәсілдерінің бірімен ақшалай қаражат беретін қаржы ұйымдары арасында нақты уақыт режимінде өзара іс-қимыл жасау үшін Бағдарламалық жасақтаманы сүйемелдеуді және оны пайдалануды қамтамасыз етуге.

4.4.3. Тараптардың деректемелерінде көрсетілген электрондық пошта мекенжайына немесе тиісті жазбаша хабарламаларда Тараптар көрсеткен өзге де мекенжайға хабарлама жіберу арқылы Серіктеске және Airba Pay-ге Airba FinTech анықтаған бағдарламалық жасақтаманың ішкі жүйелерінде туындайтын техникалық қателер туралы хабарлауға.

4.4.4. Airba FinTech-тің техникалық мүмкіндігі болған жағдайда, Airba FinTech-ке тиесілі Бағдарламалық жасақтаманы уақтылы техникалық жұмыстарды жүргізу және жетілдірулерді/пысықтауларды енгізу арқылы, оның ішінде Серіктес пен Airba Pay деректерін өзгерту кезінде сүйемелдеуді, одан әрі әзірлеуді, түрлендіруді және дамытуды жүзеге асыруға.

4.4.5. Серіктеске Шартта көзделген тәртіппен Актілер беруге.

4.4.6. Тараптар алдындағы Шарт бойынша өз міндеттемелерінің толық, адал және уақтылы орындалуын қамтамасыз етуге.

4.4.7. Ақпараттық платформаға, Серіктес пен Airba Pay-ге тиесілі зияткерлік меншік объектісіне немесе оның бағдарламалық кодына заңсыз қол жеткізуді жүзеге асырмауды, зияткерлік меншік объектісінің бағдарламалық кодын көшірмеуді, өзгертпеуді және таратпауды қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей, өзге де зияткерлік меншік объектілеріне қатысты Серіктестің құқықтарын бұзуы мүмкін іс-әрекеттер жасамауға.

4.4.8. Клиенттердің дербес деректерін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды бұза отырып пайдаланбауға.

4.5. Airba Pay құқылы:

4.5.1. Серіктестен Ақпараттық платформаның қызметтері, Тауарлар туралы толық ақпаратты, сондай-ақ осы Шарт бойынша міндеттемелерді уақтылы және тиісінше орындау үшін қажетті өзге де ақпарат пен құжаттарды алуға.

4.5.2. Шарт шеңберінде Серіктеспен және Airba FinTech-пен ынтымақтастық туралы ақпаратты олардан келісім алмастан барлық ақпараттық-жарнамалық материалдарда орналастыруға.

4.5.3. Егер Шартты бұзу туралы хабарлау үшін өзге мерзімдер Шартта көзделмесе, осы Шарттың алдағы бұзылуы туралы Тараптарды болжамды бұзу күніне дейін кемінде күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын жазбаша хабардар ете отырып, Шартты біржақты соттан тыс тәртіппен бұзуға.

4.5.4. Серіктеске және Серіктеске қатысты ақпаратқа ие болуы мүмкін кез келген басқа тұлғаларға Серіктеске қатысты құжаттар мен ақпаратты ұсыну туралы сұрау салумен, сондай-ақ Серіктес берген ақпараттың шынайылығы мен дұрыстығы туралы сұрау салумен жүгінуге. Серіктес келесі жұмыс күнінен кешіктірмей, Airba Pay-дан сұрау салу түскен күннен кейін осындай құжаттар мен ақпаратты Airba Pay сұратқан түрде ұсынуға міндеттенеді.

4.5.5. Келесі жағдайларда Серіктесті хабардар ете отырып, біржақты тәртіппен Шарт бойынша міндеттемелерді орындауды уақытша тоқтата тұруға:

1) Airba FinTech және/немесе Airba Pay техникалық инфрақұрылымына қосылған кез келген аппараттық-бағдарламалық құралдарды немесе өзге де мамандандырылған бағдарламалық жасақтаманы осындай мән-жайлардың қолданылу мерзіміне пайдалануға кедергі келтіретін мән-жайлар туындағанда;

2) Airba Pay пікірі бойынша Тараптар (әрқайсысы жеке) және/немесе Клиенттер және/немесе Airba Pay Төлем қызметтерін жасау процесіне тартылған өзге де тұлғалар үшін - осындай мән-жайлардың қолданылу мерзіміне елеулі шығындарға әкеп соғуы мүмкін Тараптарға тәуелді емес мән-жайлар туындағанда;

3) Серіктес және/немесе Airba FinTech Шартта көзделген елеулі талаптарды бұзғанда - тиісті Тарап жол берілген бұзушылықты толық жойғанға дейін;

4) техникалық құралдар ақаулы болғанда немесе Банктің Ақпараттық платформасын және/немесе Бағдарламалық жасақтамасы мен ақпараттық жүйелерін пайдалануды қамтамасыз ететін тұрақты жұмыс қатерлері туындаған кезде.

4.5.6. Серіктес Шарттың 4.2.-тармағында көрсетілген міндеттемелердің кез келгенін бұзған жағдайда, сондай-ақ Серіктестің қызметкерлері/Клиенттері, Серіктеске қатысы бар өзге де тұлғалар алаяқтық әрекеттерді жүзеге асырған жағдайда, Шарт бойынша міндеттемелерді орындаудан бас тартуға.

4.5.7. Шартта көзделген жағдайларда, сондай-ақ Серіктес Airba Pay Сыйақысының жанартылған мөлшерлемелерімен келіспеген жағдайда, Шарттың 5.1.-тармағына сәйкес ол хабарланған жағдайда, Шартты орындаудан бас тартуға және оның қолданылуын біржақты соттан тыс тәртіппен тоқтатуға.

4.5.8. Өз құқықтары мен өкілеттіктерінің бір бөлігін Шарттың басқа Тараптарымен алдын ала келіспей үшінші тұлғаларға беруге. Airba Pay-дің осы Шарт бойынша өз құқықтары мен өкілеттіктерін беруі Airba Pay-ді ол бойынша міндеттемелерді орындаудан босатпайды және

осы Шарт бойынша міндеттемелерді бұзғаны үшін Airba Pay-ден жауапкершілікті алып тастамайды.

4.5.9. «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және/немесе «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және/немесе Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік-құқықтық актілерінде және/немесе ХТЖ ережелерінде көзделген жағдайларда, сондай-ақ банктік шот бойынша шығыс операцияларын жүргізуден бірнеше рет бас тартқан не Серіктестің банктік шоты бойынша барлық операцияларды тоқтата тұрған жағдайда Серіктеске Шарт бойынша қызмет көрсетуді тоқтата тұруға немесе тоқтатуға.

4.5.10. Серіктестің күмәнді операциялары/алаяқтық әрекеттері не өзге де заңсыз қызметінің ықтимал фактілері туралы, оның ішінде Тыйым салынған тауарларды өткізумен, Клиенттерге Тауарларды бермеумен байланысты негізделген болжамдар болған жағдайда, даулы жағдайды анықтаған/реттеген сәтке дейін Серіктеске қатысты Шарт бойынша міндеттемелерді орындауды тоқтата тұруға.

4.5.11. Airba Pay және/немесе Төлем жасау тәсілдерінің бірімен ақшалай қаражат берген қаржы ұйымы және/немесе Airba Pay-ге қызмет көрсететін банк кез келген төлемдерді қате, қайталанған, күдікті, сондай-ақ күмәнді операциялар деп таныған жағдайда, Airba Pay мұндай төлемдердің күшін жоюға құқылы.

4.5.12. Серіктес банктерге (қосымша келісім алмай) Серіктес туралы ақпаратты және Серіктестен алынған құжаттарды (оның ішінде лауазымды тұлғалар, өкілдер және бенефициарлық меншік иелері, Серіктестің операциялары туралы) АЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚ бөлігінде іс-шаралар өткізу үшін беруге.

4.5.13. Тараптардан олардың Шарт бойынша міндеттемелерін тиісінше орындауын талап етуге.

4.6. Airba Pay міндетті:

4.6.1. Серіктеске Ақпараттық платформа құралдары мен Бағдарламалық жасақтама сервистері арқылы Серіктес пен Клиенттер бастамашылық еткен төлемдерді электронды түрде өндеуді жүзеге асырудан және Тауарларды төлеу және/немесе қайтару кезінде туындайтын төлемдерді және (немесе) аударымдарды жүзеге асыру үшін қызмет көрсетуші Банкке қажетті ақпаратты беруден тұратын Төлем қызметтерін көрсетуге.

4.6.2. Актілерді Серіктеске Шартта көзделген тәртіппен ұсынуға.

4.6.3. Нақты уақыт режимінде не Тараптар келіскен өзге де тәртіппен Тараптарға операциялар (аударымдар) туралы хабарлама жіберуге.

4.6.4. Мыналарды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, Ақпараттық платформаға, бағдарламалық жасақтамаға, Тараптарға тиесілі өзге де зияткерлік меншік объектілеріне қатысты басқа Тараптардың құқықтарын бұзуы мүмкін іс-әрекеттер жасамауға: зияткерлік меншік объектісіне немесе оның бағдарламалық кодына заңсыз қол жеткізуді жүзеге асырмауға, зияткерлік меншік объектісінің бағдарламалық кодын көшірмеуге, өзгертпеуге және таратпауға.

4.6.5. Клиенттердің дербес деректерін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды бұза отырып пайдаланбауға.

4.6.6. Серіктеске қабылданған Төлемнің егжей-тегжейін толық сәйкестендіруге болатын бірегей нөмірді көрсете отырып, қабылданған Төлемнің электрондық растамасын (Жүйенің хабарламасын) жіберуге.

4.6.7. Төлем қызметтерін көрсетуді тоқтата тұру туралы Серіктесті тоқтата тұрудың себебі мен мерзімін көрсете отырып, осындай тоқтата тұру күнінен кешіктірмей хабардар етуге.

4.6.8. «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарын уақтылы және толық көлемде орындауға.

4.6.9. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржы мониторингі комитеті, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, өзге де мемлекеттік органдар тарапынан Төлемдер бойынша қосымша ақпарат беруге сұрау салуды алған жағдайда немесе Банк Серіктес операцияларына

талдау жүргізу шеңберінде Airba Pay ақпарат жинауға қосымша уақытты талап етпейтін операциялар туралы қолда бар ақпаратты, мәліметтерді және құжаттарды беруге міндеттенеді.

4.6.10. Клиентке ақшаны Шарттың 7.-бөлімінде көрсетілген тәртіппен және шарттармен қайтаруды жүзеге асыруға.

4.6.11. Клиенттің төлем карточкасынан ақшаны есептен шығару кезінде Клиентке мынадай деректерді қамтитын жасалған Төлем туралы түбіртек (Клиенттен электрондық пошта деректерін жіберу және беру туралы тапсырма алған кезде) жіберуге:

- 1) құжаттың нөмірі, күні, айы, шығарылған жылы;
- 2) Airba Pay атауы;
- 3) операция сомасы;
- 4) операция валютасы;
- 5) комиссиялық сыйақы сомасы;
- 6) төлем мақсаты;
- 7) Airba Pay Төлемді жүзеге асыру үшін ақпарат беретін Банктің атауы не банктік сәйкестендіру коды.

5. Тараптардың өзара есеп айырысуы

5.1. Airba FinTech пен Airba Pay қызметтері үшін сыйақыны Серіктес осы Шартта көзделген тәртіппен және мөлшерде төлейді. Көрсетілген қызметтер үшін Сыйақы мөлшерлемелеріндегі барлық өзгерістер туралы ақпарат Серіктеске жеке кабинеті арқылы немесе Серіктестің өтініште көрсетілген электрондық поштасына хабарлау арқылы жеткізіледі. Жаңартылған Сыйақы мөлшерлемелері, егер тиісті хабарламада өзгеше мерзім көрсетілмесе, олар Серіктестің Жеке кабинетінде жарияланғаннан/Серіктес хабарлама алғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні өткен соң күшіне енеді.

5.2. Осы Шарт шеңберінде көрсетілген қызметтер бойынша, Airba FinTech пен Airba Pay есепті айдан кейінгі айдың 15 (он бесінші) күнінен кешіктірмей, Серіктеске Актілерді электрондық түрінде жібереді. Airba FinTech пен Airba Pay электрондық тәсілмен, оның ішінде Серіктестің Жеке кабинеті арқылы немесе электрондық құжат айналымы жүйесі (бұдан әрі – «ЭҚА») арқылы жіберілген актілердің қол қойылған қағаз нұсқаларымен тең заңды күші болады. Тараптар ЭҚА ретінде ЭШФ АЖ-ны пайдалану туралы уағдаласты. Airba FinTech пен Airba Pay электронды түрде жіберген Актіні Серіктес оны жіберген күннен кейінгі күннен бастап алған болып саналады. Airba FinTech пен Airba Pay электрондық шот-фактураларды Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген мерзімдерде және тәртіппен ұсынады.

5.3. Серіктес Airba FinTech пен Airba Pay-ден Шарттың 5.2.-тармағында көрсетілген құжаттарды алған сәттен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде оларға қол қояды немесе сол мерзімде қол қоюдан жазбаша дәлелді бас тартуды ұсынады. Егер Серіктес Актіні алған сәттен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде қол қоюдан жазбаша дәлелді бас тартуды ұсынбаған жағдайда, Актіге қол қойылды, ал қызметтер көрсетілді деп есептеледі. Жазбаша дәлелді бас тарту түскен жағдайда Тараптар 10 (он) жұмыс күні ішінде Серіктес анықтаған сәйкессіздіктер бойынша салыстыруды жүзеге асырады. Егер салыстыру кезінде сәйкессіздіктер расталса, Airba FinTech және/немесе Airba Pay түзетілген деректер негізінде Акт жасайды. Бұл ретте түзетілген деректер бойынша өзара есеп айырысулар келесі есепті айды төлеу шеңберінде, оның ішінде Airba FinTech пен Airba Pay Серіктестің қолда бар берешегін оның пайдасына түсетін төлемдерден ұстап қалу жолымен жүргізіледі.

5.4. Клиентке осындай қаражатты беру туралы тиісті шарт жасалған күннен бастап күнтізбелік 14 (он төрт) күн ішінде Клиенттің Тауарды Серіктесіне қайтаруы салдарынан болған Төлем жасау тәсілдерінің бірі бойынша Клиентке қаражат беру туралы шарт бұзылған жағдайда, бұзылған шарт бойынша Airba FinTech Сыйақысы төленбейді. Егер осындай шарт бойынша Airba FinTech сыйақысы төленген жағдайда, ол келесі есепті айдың нәтижелері бойынша жасалатын Актіде ескеріледі не Airba FinTech оны Серіктес қойған тиісті шотты алған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Серіктеске қайтарады. Серіктестің Airba Pay-ге төлеген

Сыйақысы қайтарылмайды. Клиент Тауарды қайтарған жағдайда, Серіктес Airba Pay-ге төлемдерді өңдеу қызметтері үшін Сыйақы төлейді.

5.5. Клиент Тауарды сатып алған күнінен бастап күнтізбелік 14 (он төрт) күн өткен соң Серіктеске қайтарған жағдайда, Airba FinTech Серіктеске Сыйақыны қайтармайды. Серіктестің Airba Pay-ге төлеген Сыйақысы қайтарылмайды.

6. Airba Pay-дің Төлем қызметтерін көрсетуі кезінде Серіктес пен Airba Pay арасындағы өзара іс-қимыл және өзара есеп айырысу тәртібі (эквайрингтік операциялар)

6.1. Шарт жасалған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Airba Pay Жүйеде Серіктес үшін қолжетімді Төлемдерді қабылдау тәсілдерінің жалпы тізбесін жасайды және Жүйеде Серіктестің онлайн-сервисінің тиісті теңшеулерін жүргізеді.

6.2. Airba Pay онлайн-сервистен алынған деректерге сәйкес Жүйе арқылы қабылданған Төлемдер бойынша ақшалай қаражат жинауды және олардың Airba Pay шотына түсуін қамтамасыз етеді.

6.3. Airba Pay онлайн-сервистен алынған ақпаратты Airba Pay мен Airba FinTech Сыйақыларын шегергенде, қабылданған Төлемдер бойынша Есеп айырысу банкінің ақшалай қаражатты Серіктестің банктік шотына кейіннен аударуы үшін Есеп айырысу банкіне беруді қамтамасыз етеді. Airba Pay Airba FinTech-ке есепті айдан кейінгі айдың 20 (жиырмамыншы) күніне дейін Серіктес ұстаған Сыйақыны тізімдейді. Даулы жағдайлар туындаған жағдайда Тараптар есептеулерді өзара салыстырып тексеруді жүргізеді.

6.4. Төлем қызметтерін көрсеткені үшін Airba Pay Сыйақысы (эквайрингтік операциялар) Тараптармен келісілген/Серіктестің Жеке кабинетінде көрсетілген Сыйақы мөлшерлемелері негізінде тиісті серіктес банктер арқылы көрсетілген қызметтер көлемінен есептеледі. Airba Pay сыйақысы Төлем қызметтерінің және ақпараттық-технологиялық сервистерді ұсыну жөніндегі қызметтердің құнын, Эквайер банктің және Есеп айырысу банкінің кез келген комиссияларын, Шарт бойынша міндеттемелерді орындау барысында Airba Pay шеккен өзге де шығыстарды қамтиды.

6.5. Серіктес Актіні алған күннен бастап күнтізбелік 5 (бес) күннен аспайтын мерзімде Актіге қол қоюға не сол мерзімде оған қол қоюдан жазбаша дәлелді бас тартуды мәлімдеуге міндетті. Егер Серіктес Актіні алған сәттен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде қол қоюдан жазбаша дәлелді бас тартуды ұсынбаған жағдайда, Актіге қол қойылды, ал қызметтер көрсетілді деп есептеледі.

6.6. Серіктес Airba Pay мен Airba FinTech Сыйақысы Клиенттердің ақшасын Серіктестің банктік шотына аударғанға дейін ұсталатындығымен келіседі.

6.7. Барлық есеп айырысулар мен төлемдер Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында, теңгемен жүзеге асырылады.

7. Chargeback, Клиентке ақшаны қайтару

7.1. Airba Pay/Chargeback Банкі алған жағдайда, Airba Pay Серіктеске Тауарларды жеткізу/қызметтер көрсету бойынша Серіктестің міндеттемелерін орындағанын растайтын құжаттарды ұсыну туралы жазбаша талаппен (қағаз жеткізгіште немесе электронды түрде) жүгінеді.

7.2. Серіктес Airba Pay-ге Шарт талаптарына сәйкес Airba Pay талап еткен құжаттарды осындай сұранысты алған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде ұсынуы керек.

7.3. Серіктестен Шарттың 7.1., 7.2.-тармақтарына сәйкес Airba Pay-ге/Банкке ұсыну үшін қажетті құжаттар болмаған жағдайда немесе оларды Шарттың 7.2.-тармағында көрсетілген мерзімде ұсынбаған жағдайда немесе егер Серіктес Клиенттің алдындағы Серіктестің өз міндеттемелерін орындамауы немесе тиісінше орындамауы фактісімен келіскен жағдайда немесе егер ХТЖ/Банк Транзакцияны күмәнді/жарамсыз деп таныған жағдайда, Airba Pay өз қаражаты есебінен Клиентке қайтарылуы тиіс Транзакция сомасын қайтарады және кейіннен осы соманы Серіктестің Банктік шотына аударуға жататын ақшаның есебінен ұстайды. Серіктес

шотына ақша аудару бойынша операциялар болмаған жағдайда, Airba Pay Серіктеске қайтарылған Транзакция сомасын төлеуге шот беруге құқылы, ал Серіктес оны алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде төлем шотын төлеуге міндетті.

7.4. Airba Pay-дің Серіктестің банктік шотына Транзакция бойынша ақшалай қаражат аударуы мұндай Транзакциялардың санкциялануын түпкілікті және сөзсіз мойындауды білдірмейді. Мұндай транзакциялар Қазақстан Республикасының заңнамасына, Шартқа және ХТЖ Ережелеріне сәйкес санкцияланбаған деп танылуы мүмкін. Осы арқылы Серіктес Транзакцияны күмәнді/жарамсыз деп тануға байланысты барлық тәуекелдерді өзіне алады және Airba Pay Chargeback алған жағдайда Клиент алдындағы міндеттемелердің толық көлемде орындалғанын растауды ұсынуға немесе Клиентке ақшалай қаражатты қайтаруды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

7.5. Банк, Airba Pay санкциялануы Банкте, Airba Pay-де күдік туғызатын Транзакцияларды анықтаған жағдайда, Airba Pay Жүйе арқылы карталарды пайдалана отырып Төлемдерді тоқтата тұруға және Серіктестің шотына осындай Транзакциялар бойынша ақшаны аударуға құқылы. Ақшаны есептеуді тоқтата тұру Транзакциялардың санкциялануын тергеу мерзіміне, бірақ Транзакция жасалған сәттен бастап 180 (жүз сексен) күнтізбелік күннен аспайтын мерзімге жүзеге асырылады.

7.6. ХТЖ Транзакциялардың санкцияланбағанын мойындаған жағдайда, Банкке, Airba Pay-ге ХТЖ санкциялар тағайындағанға дейін, Airba Pay орындалуын қамтамасыз ету мақсатында сомаларды санкцияланбаған Транзакциялар бойынша Серіктестің шотына аудармауға құқылы.

7.7. Егер Транзакциялар бойынша санкциялар тағайындау үшін ХТЖ талаптарында көзделген мерзімдер аяқталғанға дейін мұндай санкциялар тағайындалса, Airba Pay ХТЖ-ға рұқсат етілмеген Транзакциялар сомасын Серіктес шотына аударуға жататын қаражат есебінен өтейді. Серіктестің шотына ақшалай қаражат аудару бойынша операциялар болмаған жағдайда, Төлем ұйымы Серіктеске ХТЖ өтеген соманы төлеуге шот беруге құқылы, ал Серіктес оны алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде төлем шотын төлеуге міндетті.

7.8. Егер Транзакциялар бойынша санкциялар тағайындау үшін ХТЖ талаптарында көзделген мерзімдер өткеннен кейін мұндай Airba Pay санкциялары тағайындалмаса немесе ХТЖ Транзакциялардың санкцияланғанын мойындаса, Airba Pay ұсталған қаражатты Серіктестің шотына қайтаруға міндеттенеді.

7.9. Серіктесте Тауардың болмауына/Тауарды қайтаруға байланысты Тауарға тапсырыстың күші жойылған және/немесе болдырылмаған жағдайда, төленген Тауарлар бойынша Клиентке ақшаны қайтару мынадай әрекеттерді жасаудан тұратын қайтару операциясын жасау жолымен жүргізіледі:

7.9.1. Серіктес Airba Pay-ге Серіктесте Тауардың болмауына байланысты тауарға тапсырыстың күші жойылғаны және/немесе болдырылмағаны туралы/Клиент, қайтарылған Тауар және оның құны туралы толық ақпаратты көрсете отырып, Клиенттің Тауарды Серіктеске қайтаруы туралы растама ақпаратты береді;

7.9.2. Қайтару Серіктеске Airba Pay аударуға жататын ақшалай қаражат есебінен, оның ішінде басқа Тауарды сатудан/қызмет көрсетуден түскен ақша есебінен немесе қайтару үшін Серіктес Airba Pay шотына аударған ақшалай қаражат есебінен жүргізіледі. Ақшалай қаражат болмаған жағдайда, ақшаны қайтаруды Airba Pay өз қаражаты есебінен де жүзеге асыра алады. Бұл ретте, Серіктес Airba Pay-ға қайтару сомасын өтеуге шот ұсынылған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде толық көлемде өтеуге міндетті.

7.10. Осы арқылы Серіктес Airba Pay-ің Шартта көзделген жағдайларда ақша сомасын Серіктес шотына аударуға жататын ақшалай қаражат есебінен ұстап қалуға өзінің келісімін білдіреді

7.11. Chargeback бастамашылық жасаған және/немесе Серіктеске ақшаны қайтарған бұрын жасалған Төлем бойынша Airba Pay ұстаған Airba Pay сыйақысы қайтарылмайды.

8. Тараптардың жауапкершілігі

8.1. Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапты болады.

8.2. Шарттың 3.5., 3.10., 4.2.3., 4.2.21., 5.1., 7.3., 7.7., 8.3., 8.9.-тармақтарын және Шартқа № 2 қосымшаның 2.-тармағын, сондай-ақ орындау мерзімі бар басқа да ақшалай міндеттемелерді бұзғаны үшін Серіктес Airba FinTech және/немесе Airba Pay (олардың әрқайсысының) жазбаша талабы бойынша төлемді кешіктірген әрбір күн үшін уақтылы төленбеген/төленбеген соманың 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайызы) мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлейді, бірақ төленбеген қарыз сомасының 10% -нан (он пайызынан) аспайды.

8.3. Серіктес Airba FinTech және/немесе Airba Pay-тің (олардың әрқайсысының) жазбаша талабы бойынша оларға Тауарлар үшін Төлем жасау тәсілін жүзеге асыруға қаражат берген Банктердің, Эквайер банктердің, Есеп айырысу банкінің, қаржы ұйымдарының өндіріп алуымен байланысты құжат жүзінде расталған залалдарды, Серіктестің ХТЖ ережелерін және Банктердің, Эквайер банктердің, Есеп айырысу банктерінің ішкі талаптарын бұзуына байланысты Airba FinTech және/немесе Airba Pay-ге (олардың әрқайсысына) ХТЖ, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, сот/құқық қорғау органдары және/немесе өзге де уәкілетті органдар салған айыппұл санкцияларын (айыппұлдар, алымдар, тұрақсыздық айыбы сомаларын) өтеуге міндеттенеді. Серіктес 3 (үш) жұмыс күні ішінде Airba FinTech және Airba Pay олардан кінәрат-талап алған сәттен бастап құжат жүзінде расталған шығындарды өтеуге міндеттенеді.

8.4. Airba FinTech пен Airba Pay Серіктес пен Клиенттер арасында өткізілетін Тауарларға қатысты келіспеушіліктер мен даулар және/немесе Серіктестің Тауарларды сатуға (оның ішінде Тауарды Клиентке бермеуге)/қызметтер көрсетуге және/немесе Ақпараттық платформа жұмысына байланысты міндеттемелерді орындамауы және/немесе тиісінше орындамауы салдарынан туындаған келіспеушіліктер мен даулар болған жағдайда жауапты болмайды.

8.5. Airba FinTech пен Airba Pay Airba FinTech пен Airba Pay кінәсінен туындамаған техникалық құралдар, Ақпараттық платформа/Бағдарламалық жасақтама, энергиямен жабдықтау жүйелері және деректерді жіберу жұмысындағы бұзушылықтар үшін жауап бермейді. Airba FinTech пен Airba Pay сондай-ақ Airba FinTech пен Airba Pay кінәсінен болмаған төлемдер мен аударымдарды тоқтата тұру және/немесе болдырмау үшін, сондай-ақ осындай тоқтата тұру және/немесе төлемдер мен аударымдарды жүргізуді болдырмау жағдайында Серіктес келтіруі мүмкін кез келген шығындар үшін жауап бермейді.

8.6. Airba FinTech пен Airba Pay Серіктестің ақпараттық материалдары мен ресурстарында орналастырылған ақпараттың мазмұнына, сондай-ақ Серіктестің жеке кабинетте/Ақпараттық платформада орналастырған ақпаратының мазмұнына жауап бермейді.

8.7. Airba FinTech және/немесе Airba Pay-де Серіктестің әрекеттерімен немесе әрекетсіздігімен, сондай-ақ Серіктестің клиенттер алдындағы өз міндеттемелерін орындамауы себебінен Клиенттер қойған мәлімдемелерге/талаптарға байланысты келтірілген кез келген құжат жүзінде расталған залалдар туындаған жағдайда, Серіктес бұл залалдарды Airba FinTech пен Airba Pay-ге толық көлемде өтеуге міндеттенеді.

8.8. Серіктес Airba FinTech пен Airba Pay-ге құжат жүзінде расталған залалдарды, егер мұндай залал Серіктестің Тыйым салынған тауарларды сатуына байланысты келтірілсе және/немесе Серіктестің «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңын бұзуы салдарынан келтірілген болса, өтеуге міндеттенеді. Серіктес Серіктес сататын Тауарлар үшін, оның ішінде Тыйым салынған тауарлар үшін, сондай-ақ оның «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңын бұзғаны үшін толық көлемде жауапты болады.

8.9. Серіктес 3 (үш) жұмыс күні ішінде Airba FinTech мен Airba Pay-ге құжат жүзінде расталған шығындарды, егер мұндай залал Серіктестің және/немесе оның қызметкерлерінің/қатысы бар тұлғалардың алаяқтық әрекеттерді жүзеге асыруына байланысты келтірілген болса, өтеуге міндеттенеді.

8.10. Серіктес Шарт шеңберінде Клиенттердің ұялы байланысының абоненттік нөмірлері туралы деректердің сақталуына және пайдаланылуына дербес жауапты болады, сондай-ақ Airba FinTech пен Airba Pay Серіктестің Шарттың 4.2.-тармағының 4.2.4.-тармақшасын сақтамауынан

туындаған оларға салынған кез келген айыппұл санкцияларын қоса алғанда, құжат жүзінде расталған залалдарды өтеуге міндеттенеді.

8.11. Шартта көзделген тұрақсыздық айыбының және/немесе залалдардың сомаларын бір Тарап екінші Тараптан тиісті хабарлама мен шот алынған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде төлейді. Тұрақсыздық айыбы мен залалды төлеу Тараптарды Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды. Екі Тараптан да талап етілетін кез келген залал (зиян) құжат жүзінде расталуы тиіс.

8.12. Airba FinTech және/немесе Airba Pay Серіктестің Шарттың 4.2.-тармағының 4.2.13.-тармақшасында көрсетілген хабарлама бойынша міндеттемелерді бұзғаны анықталған жағдайда, Airba FinTech пен Airba Pay Серіктер Шарт талаптарын бұзушылықтарды толық жойғанға дейін Шарт бойынша қызмет көрсетуді тоқтата тұруға құқылы.

8.13. Тараптар Шарттың 10-бөлімінде көрсетілген құпия ақпаратты жария еткені және/немесе жоғалтқаны үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапты болады. Құпия деректерді жария еткені үшін кінәлі Тарап екінші Тарапқа құпия деректерді жария етуден туындаған құжат жүзінде расталған кез келген залалды өтеуге міндеттенеді.

9. Еңсерілмейтін күш жағдайлары

9.1. Егер орындамау немесе тиісінше орындамау еңсерілмейтін күш жағдайдарының салдарынан туындағанын дәлелдесе, Тараптардың ешқайсысы осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапты болмайды.

9.2. Еңсерілмейтін күш жағдайларының әсеріне ұшыраған тарап екінші Тарапты олардың басталғаны туралы дереу хабардар етуге, екінші Тарапқа осындай жағдайлар туралы егжей-тегжейлі ақпарат беруге, сондай-ақ еңсерілмейтін күштің мұндай жағдайлары жалғасатын мерзімнің негізделген бағасын беруге міндеттенеді. Осы жағдайлардың басталғаны туралы оларға сілтеме жасайтын Тарап уәкілетті ұйымның растауын ұсынуға тиіс.

9.3. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі еңсерілмейтін күш жағдайлары, сондай-ақ осы жағдайлардан туындаған салдарлар әрекет еткен уақытқа мөлшерлес шегеріледі.

9.4. Еңсерілмейтін күш жағдайларының басталғаны туралы хабарламау немесе уақтылы хабарламау Тарапты Шарт бойынша міндеттемені орындамағаны үшін жауапкершіліктен босататын негіз сияқты жағдайға сілтеме жасау құқығынан айырады.

9.5. Егер еңсерілмейтін күш жағдайларынан туындаған Тараптардың міндеттемелерді толық немесе ішінара орындау мүмкінсіздігі 1 (бір) айдан асатын болса, онда Тараптардың еңсерілмейтін күш жағдайларының қолданылуы тоқтатылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Шартты бұзуға және өзара есеп айырысулар жүргізуге құқығы бар.

10. Құпия ақпарат

10.1. Тараптар осы Шарт талаптарының және Тараптардың бірі құпия ақпарат ретінде немесе сипаты бойынша құпия деп саналуы тиіс ақпарат ретінде ашқан барлық ақпараттың, Төлем жасау тәсілдері және оларды беру рәсімдері туралы ақпаратты қоса алғанда, сондай-ақ Ақпараттық платформаға/Бағдарламалық жасақтамаға және/немесе зияткерлік меншіктің өзге де объектілеріне қатысты құпиялылықты, Клиенттердің деректерін, Тараптарға қатысты іскерлік ақпаратты, сондай-ақ құпия ақпаратқа қатысты өзге де ақпаратты Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе Тараптардың ішкі құжаттарына сәйкес сақтауға міндеттенеді.

10.2. Тараптар Тараптардың лауазымды тұлғаларының, қызметкерлерінің және өкілдерінің құпия ақпаратты құпия сақтауын және олардың Тараптардан алынған барлық құжаттама мен ақпаратты құпия деп бағалауын қамтамасыз етуге міндеттенеді. Бұл ретте, Тараптар осы арқылы Тараптардың әрқайсысының қалауы бойынша Тараптардың құрылтайшыларына (қатысушыларына), үлестес компанияларға, олардың мүшелеріне/қатысушыларына, сондай-ақ алаяқтықты, аудитті, борышты өндіріп алуды, процессингтік (компьютерлік) орталықтардың қызметтер ұсынуын болғызбау мақсатында өзге тұлғаларға, уәкілетті мемлекеттік органның

сұрау салуын қанағаттандыру, өкілеттік беру мақсатында өзге тұлғаларға, Банктерге/Эквайер банктерге, Есеп айырысу банктеріне, серіктес банктерге, Төлем жасау тәсілдерін ұсынатын қаржы ұйымдарына (Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мақсатында) Тарап туралы ақпаратты, осы Шартқа байланысты ақпаратты беруге келісім береді.

10.3. Серіктес Жеке кабинетке кіру үшін (бар болса) өзінің логині мен паролі туралы ақпаратты құпия сақтауға және үшінші тұлғаларға жария етпеуге міндеттенеді. Егер аталған ақпарат қандай да бір себептермен үшінші тұлғаларға белгілі болса, Серіктес бұл туралы Airba FinTech пен Airba Pay-ге дереу хабарлауға және парольді өзгертуге міндеттенеді.

10.4. Осы бөлімнің ережелері Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғаннан немесе тоқтатылғаннан кейін 5 (бес) жыл бойы күшінде қалады.

11. Қорытынды ережелер

11.1. Шарт мерзімсіз болып табылады.

11.2. Тараптардың электрондық мекенжайлары:

1) Airba FinTech bs@airbaray.kz мекенжайын қолданады;

2) Airba Pay buh@airbaray.kz мекенжайын қолданады;

3) Серіктес Өтініште көрсетілген электрондық пошта мекенжайын, ал ол өзгертілген жағдайда Серіктес Шарт талаптарына сәйкес Airba FinTech пен Airba Pay-ге хабарлаған мекенжайды пайдаланады.

11.3. Шартты өзгерту және/немесе толықтыру (Шартта көзделген жағдайларды қоспағанда), оның ішінде Airba FinTech және/немесе Airba Pay Сыйақы мөлшерлемелерін өзгерту мәселелері бойынша Airba FinTech және/немесе Airba Pay Серіктестің Платформасында/Жеке кабинетінде Шарттың/өзгертулердің (толықтырулардың) жаңа редакциясын орналастыру арқылы біржақты тәртіппен немесе Тараптардың қосымша келісімдер жасасуынсыз Серіктестің электрондық поштасына хабарлама жіберу арқылы жасалады. Airba FinTech/Airba Pay біржақты тәртіппен енгізген Сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеруіне қатыстыны қоса алғандағы өзгертулер Серіктестің Платформасында/Жеке кабинетінде/Өтініште көрсетілген Серіктестің электрондық поштасына хабарламада орналастырылған күннен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн өткен соң күшіне енеді.

11.4. Шартта көрсетілген Airba FinTech/Airba Pay банктік деректемелерін өзгерту Шарттың 12. - бөліміне Платформада/Серіктестің Жеке кабинетінде/Серіктестің электрондық поштасына хабарлама жіберу жолымен, ал Серіктес Тараптарға осындай өзгертулерді растайтын құжаттың сканерленген көшірмесін қоса тіркей отырып, хабарламаны Шарттың 11.2.-тармағында көрсетілген мекенжайлар бойынша электрондық хабарламамен жіберу жолымен жүзеге асырылады.

11.5. Шартта және Өтініште көрсетілген Тараптардың пошта деректемелері, электрондық пошта мекенжайлары өзгерген жағдайда Тараптар Шарттың 11.4.-тармағына сәйкес осындай өзгертулер туралы немесе осы тармақта көзделген тәртіппен Тараптар хабарлаған жаңа электрондық пошта мекенжайларын пайдалана отырып хабардар етеді.

11.6. Егер Серіктес Airba FinTech/Airba Pay біржақты тәртіппен енгізген Шарттағы өзгертулермен келіспесе, ол қызметтерді одан әрі пайдалануды тоқтата тұруға және өзгертулер күшіне енгенге дейін Airba FinTech пен Airba Pay-ді жазбаша түрде электрондық пошта арқылы хабардар ете отырып, Шарттан бас тартуға құқылы. Электрондық түрдегі хабарламада Серіктестің уәкілетті тұлғасы қол қойған және оның мөрімен (бар болса) бекітілген Шартты бұзу туралы хаттың сканерленген көшірмесі болуға тиіс. Серіктес көрсетілген тәртіппен бұзу туралы хабарлама жіберген жағдайда Шарт Airba FinTech және/немесе Airba Pay енгізген өзгертулер күшіне енген күннен бастап бұзылады, бұл ретте Серіктес Шартты бұзу күніне дейін туындаған, бірақ орындалмаған, оның ішінде Шарт бұзылғанға дейін оған көрсетілген қызметтерге ақы төлеу жөніндегі барлық міндеттемелерді орындауға міндетті.

11.7. Егер Серіктес Airba FinTech/Airba Pay Шартқа біржақты тәртіппен енгізген өзгертулер күшіне енгеннен кейін Airba FinTech және Airba Pay қызметтерін пайдалануды жалғастырса, Серіктес Шартқа енгізілген барлық өзгертулерді қабылдады және келіседі деп есептеледі.

11.8. Шартты бұзу Тараптардың бірінің бастамасы бойынша Шартты бұзу туралы хабарламаны жазбаша немесе электронды түрде Тараптардың электрондық мекенжайларына болжамды бұзу күніне дейін кемінде күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын жіберу арқылы мүмкін болады. Шартты бұзу туралы хабарлама алған күннен бастап Airba FinTech/Airba Pay Шарт бойынша қызмет көрсетуді тоқтатады.

11.9. Шарт бұзылған жағдайда Бағдарламалық жасақтаманы пайдалануға рұқсат беру тоқтатылады. Серіктестің бағдарламалық жасақтаманы пайдалануға одан әрі қол жеткізуі Өтінім беру және қажетті құжаттар пакетін ұсыну арқылы Шартқа қайта қосылғаннан кейін ғана мүмкін болады.

11.10. Шарт Тараптары, олардың арасында даулар, қайшылықтар мен келіспеушіліктер туындаған жағдайда, дауды қолданыстағы заңнамада белгіленген тәртіппен сотқа дейінгі немесе соттан тыс реттеу жөнінде шаралар қабылдайды (соның ішінде, бірақ мыналарды қоспағанда: талап қою жұмысын жүргізу, талаптар мен хабарламаларды жіберу, хаттар, электрондық хабарламалар алмасу). Тараптар келісімге қол жеткізбеген кезде, дауды сотқа дейінгі немесе соттан тыс реттеу бойынша қабылданған шаралар нәтижесінде дау Алматы қаласының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына сот тәртібімен шешуге беріледі.

11.11. Тараптардың өзара есеп айырысулары бөлігінде осы Шарт Тараптар арасындағы өзара есеп айырысулар толық аяқталғаннан кейін бұзылған/тоқтатылған болып есептеледі, ал ХТЖ қаржылық талаптар қою бөлігінде Тараптардың кінәрат-талаптарды реттеу және шығыстарды өтеу бөлігіндегі міндеттемелері осы Шарт бұзылғаннан/тоқтатылғаннан кейін 180 (жүз сексен) күн бойы сақталады және қолданылады.

11.12. Серіктес осы Шарт бойынша міндеттемелерді (олардың кез келгенін) және/немесе Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындамаған және/немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Airba FinTech/Airba Pay Шарттың 11.8.-тармағында көрсетілген бұзу туралы хабарлама туралы мерзімді сақтамай, біржақты соттан тыс тәртіппен Шартты орындаудан бас тартуға (Шартты бұзуға) құқылы. Аталған жағдайда Airba FinTech/Airba Pay-дің Шарттың 3.1.-3.2.-тармақтарында аталған қызметтерді көрсету жөніндегі міндеттемелері Серіктеске жіберілген тиісті хабарламада Airba Fintech/Airba Pay көрсеткен күні тоқтатылған болып есептеледі.

11.13. Airba FinTech/Airba Pay Шарт бойынша Тараптардың өзара қарым-қатынасы болмаған жағдайда (Серіктес Клиенттерінен өтінімдер болмаған жағдайда) Шарттың 11.8.-тармағында көрсетілген бұзу туралы хабарлама туралы мерзімді сақтамай, қатарынан 3 (үш) айдан астам мерзімге Шартты мерзімінен бұрын бұзуға құқылы. Шарт Шарттың осы тармағында көрсетілген мерзім өткеннен кейін мерзімінен бұрын бұзылған болып есептеледі.

12. Мекенжайлар мен деректемелер:

Airba FinTech: «Airba FinTech» ЖШС, заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, А15Т0D7 (050057), Алматы қ., Тимирязев көшесі, 42/9 үй, БСН 211040004533, шот: ЖСК KZ38601A861001002681 «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-да, БСК HSBKKZKX.

Airba Pay: «Airba Pay» ЖШС, заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, А15Т0D7 (050057), Алматы қ., Тимирязев көшесі, 42/9 үй, БСН 211140016540, шот: KZ62601A861003057291 «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-да, Банк БСН 960941000145, БСК HSBKKZKX.

**Серіктестік (қосылу) туралы
Шартқа № 1 қосымша**

Үлгі

**Серіктестік туралы Шартқа сөзсіз қосылу туралы
өтініш**

заңды тұлға/жеке кәсіпкер үшін –

(заңды тұлғаның/жеке кәсіпкердің атауы)

Өтініштің толтырылған күні:	« ____ » _____ 20__ жыл
-----------------------------	-------------------------

Осы арқылы _____ « _____ » уәкілетті өкілі Airba FinTech платформасында орналастырылған Серіктестік (қосылу) туралы Шарттың (бұдан әрі – Шарт) барлық талаптарымен танысқанын растайды, Шарттың барлық талаптарының мәтінін түсінеді, олармен келісетінін білдіреді және тиісті түрде орындауға міндеттенеді және ұсынылған Шартқа тұтастай қосылу арқылы оларды толық көлемде қабылдайды, «Airba FinTech» ЖШС-ға, «Airba Pay» ЖШС-ға Шартта белгіленген тәртіппен Шартты өзгертуге және толықтыруға келісім береді және «Airba FinTech» ЖШС бағдарламалық жасақтамасын (бұдан әрі – бағдарламалық жасақтама) пайдалануға рұқсат беруді сұрайды.

«Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес осы Өтінішке қол қоятын тұлға «Airba FinTech» ЖШС мен «Airba Pay» ЖШС-ға Шартты жасасу және орындау мақсатында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына және/немесе «Airba FinTech» ЖШС мен «Airba Pay» ЖШС ішкі құжаттарына сәйкес дербес деректерді жинау, өңдеу қажеттілігі туындаған өзге де жағдайларда дербес деректерді жинауға және өңдеуге, оның ішінде табыстауға және трансшекаралық табыстауға келісім береді.

Мен «Airba FinTech» ЖШС мен «Airba Pay» ЖШС дербес деректерді жинау мен өңдеуді Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәсілдермен жүзеге асыратындығымен таныстым.

Шарт бойынша Тараптардың өзара іс-қимыл жасау тәсілі *(тиісті тәсілдің жанындағы жолаққа V қою арқылы таңдау)*:

- Жеке кабинет құра отырып, Клиенттердің сұрауларында қамтылған ақпаратты өңдеуді жүзеге асыратын бағдарламалық жасақтама.
- Ақпараттық платформадан келіп түсетін Клиенттердің сұрауларында қамтылған ақпаратты өңдеуді жүзеге асыратын бағдарламалық жасақтама.

Заңды тұлғаның/жеке кәсіпкердің сауалнамасы қоса беріледі.

(Бірінші басшы/өкіл
/ЖК лауазымының атауы)

(қолы)

(тегі, инициалы)

м.о. (бар болса)

**Серіктестік туралы Шартқа сөзсіз қосылу туралы Өтінішке
№ 1 қосымша**

Үлгі

Серіктес Сауалнамасы

Р/б №	Мәліметтер атауы	Ақпарат
1. Жалпы мәліметтер		
1	Ұйымдық-құқықтық нысанын қоса алғанда, заңды тұлғаның/ЖК толық атауы	Қазақ тілінде: Орыс тілінде:
2	Заңды тұлғаның/ЖК қысқартылған атауы (бар болса)	Қазақ тілінде: Орыс тілінде:
3	Бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН немесе ЖСН (ЖК үшін))	
4	Интернет-дүкеннің атауы	
5	Банктік деректемелері (толық)	
6	Байланыс телефоны	
7	E-mail	
8	Орналасқан жерінің мекенжайы (заңды):	Облыс/қала Пошта индексі Аудан Көше/даңғыл/ықшамаудан Үй нөмірі Кеңсе/пәтер нөмірі
9	Нақты орналасқан жерінің мекенжайы: (заңмен сәйкес келген жағдайда толтыруға жатпайды)	Облыс/қала Пошта индексі Аудан Көше/даңғыл/ықшамаудан Үй нөмірі Кеңсе/пәтер нөмірі
10	Филиалдың мемлекеттік тіркелгенін/қайта тіркелгенін/есептік тіркелгенін растайтын құжаттың деректері (Заңды тұлғалар үшін)	Мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы анықтама Бастапқы тіркеу күні: _____ (күні/айы/жылы) Құжатты берген Орган: _____ Қайта тіркеу күні: _____ (күні/айы/жылы)
11	Жеке тұлғаның жеке кәсіпкер ретінде тіркелгенін растайтын құжаттың атауы, оның нөмірі және берілген күні	

12	Кәсіпкерлік қызмет түрі (негізгі) және экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің коды (ЭҚЖЖ) (бар болса)	
13	ҚҚС бойынша есепке қою туралы куәлік (сериясы, нөмірі, күні)	
14	Лицензияның нөмірі, берілген күні, қолданылу мерзімі (егер жүзеге асырылатын қызмет түрі лицензияланатын болса)	
15	Лицензия берген органның атауы	
16	Клиенттің жария лауазымды тұлғаға, жария лауазымды тұлғаның жарына (күйеуіне) немесе жақын туыстарына тиесілігі және (немесе) қатысытылығы	
2. ЖК тіркелген тұлға туралы мәліметтер		
1	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	
2	Туған күні мен туған жері	
3	Азаматтығы	
4	Жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН)	
5	Жеке басын куәландыратын құжаттың түрі, нөмірі, сериясы (бар болса)	
6	Жеке басын куәландыратын құжатты берген органның атауы, оның берілген күні және қолданылу мерзімі	
7	Тұрғылықты (тіркелген) мекенжайы: пошта индексі, елді мекен,көше/аудан, үй нөмірі және бар болса пәтер нөмірі	
8	Байланыс телефонының нөмірі	
3. Заңды тұлғаның басқару органдарының құрылымы туралы мәліметтер		
1	Құрылтай құжаттарына сәйкес органдардың құрылымы мен атауы (жоғары орган, атқарушы орган, өзге де органдар)	
2	Заңды тұлға органдарының құрылымы белгіленген құрылтай құжаттарының соңғы редакцияланған күні	
3.1. Заңды тұлғаның жоғары органының дербес құрамы туралы мәліметтер		
1	Жеке тұлғалардың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және (немесе) жоғары органның құрамына кіретін заңды тұлғалардың толық атаулары	
2	Жоғары органның құрамына кіретін жеке тұлғалардың азаматтығы (бар болса) және (немесе) заңды тұлғаларды тіркеген мемлекет	
3	Жоғары органның құрамына кіретін жеке тұлғалардың жеке сәйкестендіру нөмірлері (бар болса) не жеке басын куәландыратын құжаттардың нөмірлері, сериялары (бар болса), берілген күні мен қолданылу мерзімдері	
4	Жоғары органның құрамына кіретін заңды тұлғалар үшін тіркеу мемлекетіндегі уәкілетті орган берген бизнес-сәйкестендіру нөмірлері (бар болса) не тіркеу нөмірлері (кодтары)	
5	Құрылтай құжаттарының соңғы редакцияланған күні не акционерлердің (қатысушылардың) тізілімінен үзінді көшірменің не олардың негізінде жоғары органның құрамы белгіленген өзге де құжаттың күні	
3.2. Атқарушы органның дербес құрамы туралы мәліметтер		

1	Жеке-дара атқарушы органның қызметін жүзеге асыратын тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) не алқалы атқарушы орган басшысының және мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	
2	Жеке-дара атқарушы органның қызметін жүзеге асыратын тұлғаның не алқалы атқарушы органның басшысы мен мүшелерінің туған күні мен туған жері	
3	Жеке-дара атқарушы органның қызметін жүзеге асыратын тұлғаның не алқалы атқарушы органның басшысы мен мүшелерінің азаматтығы (бар болса)	
4	Жеке-дара атқарушы органның қызметін жүзеге асыратын тұлғаның не алқалы атқарушы органның басшысы мен мүшелерінің жеке сәйкестендіру нөмірі (бар болса)	
5	Жеке-дара атқарушы органның қызметін жүзеге асыратын тұлғаның не алқалы атқарушы органның басшысы мен мүшелерінің жеке басын куәландыратын құжаттың түрі, нөмірі, сериясы (бар болса)	
6	Жеке-дара атқарушы органның қызметін жүзеге асыратын тұлғаның не алқалы атқарушы органның басшысы мен мүшелерінің жеке басын куәландыратын құжатты берген органның атауы, оның берілген күні және қолданылу мерзімі	
7	Жеке-дара атқарушы органның қызметін жүзеге асыратын тұлғаның не алқалы атқарушы органның басшысы мен мүшелерінің тұрғылықты (тіркелген) және (немесе) орналасқан жерінің мекенжайы (мемлекет/юрисдикция, пошта индексі, елді мекен, көше/аудан, үй нөмірі және бар болса пәтер нөмірі)	
8	Жеке-дара атқарушы органның қызметін жүзеге асыратын тұлғаның не алқалы атқарушы органның басшысы мен мүшелерінің байланыс телефонының нөмірі	
9	Тұлғаның жеке-дара атқарушы органның не алқалы атқарушы орган басшысының немесе мүшесінің қызметтерін жүзеге асыруына негіз болатын құжаттың (бұйрықтың, жалпы жиналыс хаттамасының, директорлар кеңесі хаттамасының, жалғыз акционердің (құрылтайшының) немесе басқа да осыған ұқсас құжаттың) нөмірі мен күні	
3.3. Өзге басқару органдарының дербес құрамы туралы мәліметтер (бар болса)		
1	Басқару органы басшысының және мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	
2	Басқару органы басшысының және мүшелерінің туған күні мен туған жері	
3	Басқару органы басшысының және мүшелерінің азаматтығы (бар болса)	
4	Басқару органы басшысының және мүшелерінің жеке сәйкестендіру нөмірі (бар болса)	
5	Басқару органы басшысының және мүшелерінің жеке басын куәландыратын құжаттың түрі, нөмірі, сериясы (бар болса)	

6	Басқару органы басшысының және (немесе) мүшелерінің жеке басын куәландыратын құжатты берген органның атауы, оның берілген күні және қолданылу мерзімі	
7	Тұлғаның басқару органы басшысының немесе мүшесінің қызметін жүзеге асыруына негіз болатын құжаттың (жалпы жиналыс хаттамасының, жалғыз акционердің (құрылтайшының шешімінің) немесе басқа да осыған ұқсас құжаттың) нөмірі мен күні	
4. Бенефициарлық меншік иесі туралы мәліметтер		
1	Жарғы капиталына қатысу үлестерінің жиырма бес пайызынан астамы тікелей немесе жанама тиесілі жеке тұлғаның (тұлғалардың) не заңды тұлғаның орналастырылған (артықшылықты және қоғам сатып алғанды шегергенде) акцияларының болу/болмауы туралы белгі	
2	Заңды тұлғаны өзге негіздер бойынша бақылауды жүзеге асыратын жеке тұлғаның (тұлғалардың) болуы/болмауы туралы белгі	
3	Мүдделерінде заңды тұлға іскерлік қатынастар орнататын (операциялар жасалатын) жеке тұлғаның (тұлғалардың) болуы/болмауы туралы белгі	
4	Бенефициарлық меншік иесінің тегі, аты және бар болса әкесінің аты	
5	Бенефициарлық меншік иесінің азаматтығы (бар болса)	
6	Бенефициарлық меншік иесінің жеке сәйкестендіру нөмірі (бар болса)	
7	Бенефициарлық меншік иесінің жеке басын куәландыратын құжаттың түрі, нөмірі, сериясы (бар болса)	
8	Бенефициарлық меншік иесінің жеке басын куәландыратын құжатты берген органның атауы, оның берілген күні және қолданылу мерзімі	
9	Бенефициарлық меншік иесінің байланыс телефонының нөмірі (бар болса)	
10	Бенефициарлық меншік иесінің жария лауазымды тұлғаға, жария лауазымды тұлғаның жарына (күйеуіне) немесе жақын туыстарына тиесілігі және (немесе) қатыстылығы	
5. Заңды тұлғаның филиалы (өкілдігі) туралы қосымша мәліметтер		
1	Филиалдың (өкілдіктің) атауы	
2	Бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бар болса)	
3	Тіркеуді растайтын құжаттың түрі, оның берілген күні, нөмірі (бар болса)	
4	Тіркеуші органның атауы және тіркеу (қайта тіркеу) күні	
5	Жүзеге асырылатын қызметтің түрі (түрлері) және ЭҚЖЖ коды (бар болса)	
6	Тіркелгенін растайтын құжатқа сәйкес филиалдың (өкілдіктің) орналасқан жерінің мекенжайы (ел, пошта индексі, елді мекен, көше/аудан, ғимарат нөмірі)	
7	Байланыс телефонының нөмірі	
8	Электрондық пошта мекенжайы (бар болса)	

6. Заңды тұлғаның/ЖК өкілі туралы мәліметтер		
1	Заңды тұлға/ЖК өкілінің (заңды тұлға филиалының (өкілдігінің) басшысын қоса алғанда) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	
2	Туған жылы мен туған жері	
3	Азаматтығы (бар болса)	
4	Жеке сәйкестендіру нөмірі (бар болса)	
5	Жеке басын куәландыратын құжаттың түрі, нөмірі, сериясы (бар болса)	
6	Жеке басын куәландыратын құжатты берген органның атауы, оның берілген күні және қолданылу мерзімі	
7	Тұрғылықты (тіркелген) немесе орналасқан жерінің мекенжайы (мемлекет/юрисдикция, пошта индексі, елді мекен, көше/аудан, үй нөмірі және бар болса пәтер нөмірі)	
8	Байланыс телефонының нөмірі	
9	Өкілге заңды тұлға/ЖК атынан заңды маңызы бар іс-әрекеттер жасау құқығын беретін құжаттың (сенімхаттың) нөмірі, күні және қолданылу мерзімі (бар болса)	
10	Өкілге заңды тұлға/ЖК атынан заңды маңызы бар іс-әрекеттер жасау құқығын беретін құжатқа (сенімхатқа) қол қойған тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	
11	Визаның нөмірі, берілген күні, қолданылу мерзімі (жеке басын куәландыратын құжат, шетелдік паспорт ретінде ұсынылған жағдайда) (визасыз тәртіппен Қазақстан Республикасына келетін мемлекеттердің азаматтарын қоспағанда)	
12	Көші-қон карточкасының нөмірі, берілген күні, қолданылу мерзімі (жеке басын куәландыратын құжат, шетелдік паспорт ретінде ұсынылған жағдайда)	
13	Өкілдің жария лауазымды тұлғаға, жария лауазымды тұлғаның жарына (күйеуіне) немесе жақын туыстарына тиесілігі және (немесе) қатыстылығы	
7. Серіктестің ақшаны жылыстатуға/терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылдары туралы мәліметтер		
1	Серіктес қаржылық мониторингтің субъектісі ме (Иә/Жок)	
2	Серіктестің АЖ/ТҚ мәселелері бойынша ішкі саясаты мен рәсімдері бар ма?	
3	Серіктесте АЖ/ТҚ туралы заңнаманың сақталуына жауапты қызметкер бар ма?	
4	Серіктесте клиенттерді сәйкестендіру рәсімдері бар ма?	
5	Серіктесте клиенттердің қауіптерін бағалау рәсімдері бар ма?	
6	Серіктестің FATF ұсынымдарын орындамайтын мемлекеттерде (аумақтарда) тіркелген банктермен немесе өзге қаржы ұйымдарымен қолданыстағы корреспонденттік қатынастары бар ма?	
7	Серіктестің жеңілдікті салық салынатын мемлекеттерде және/немесе қаржылық операцияларды жүзеге асыру кезінде ақпаратты	

	ашуды және ұсынуды көздемейтін мемлекеттерде тіркелген банктермен немесе өзге қаржы ұйымдарымен қолданыстағы корреспонденттік қатынастары бар ма?	
8	Осы сауалнаманы ұсынған күннің алдындағы соңғы бес жыл ішінде Серіктеске қатысты тергеп-тексеру жүргізу жағдайлары, сондай-ақ Серіктеске және/немесе оның басшы қызметкерлеріне АЖ/ТҚ туралы заңнаманы бұзғаны үшін әкімшілік немесе қылмыстық сипаттағы ықпал ету шараларын қолдану жағдайлары болды ма?	

Серіктес сауалнамаға келесі құжаттарды қоса береді:

1) заңды тұлғаларды тіркеу (қайта тіркеу), олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама/қуәлік (Серіктестің уәкілетті тұлғасының қолымен және Серіктестің мөрімен расталған көшірме (бар болса)/Еgov-тан заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама;

2) Серіктес-заңды тұлғаның жарғысы және (немесе) бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімінен үзінді көшірме (Серіктестің уәкілетті тұлғасының қолымен және Серіктес мөрімен расталған көшірме (бар болса));

3) егер Серіктестің қызмет түрі лицензияланған болса, лицензия (немесе өзге құжат);

4) лауазымды тұлғаның (тұлғалардың) сенімхатсыз Серіктестің атынан іс-әрекеттер жасауға, оның ішінде заңды тұлғаның құжаттарына қол қоюға, ақшамен және (немесе) өзге де мүлікпен операциялар жасауға өкілеттігін растайтын құжаттар (Серіктестің уәкілетті тұлғасының қолымен және Серіктестің мөрімен (бар болса) расталған көшірме);

5) ақшамен және (немесе) өзге де мүлікпен операциялар жасауға заңды тұлғаның құжаттарына қол қоюға уәкілетті лауазымды тұлғаның (тұлғалардың) жеке басын куәландыратын құжат (-тар);

6) жеке басын куәландыратын не заңды тұлға құрылтайшыларының (қатысушыларының) мемлекеттік тіркеуден (қайта тіркеуден) өту фактісін растайтын құжаттар, сондай-ақ заңды тұлғаның бенефициарлық меншік иелерінің жеке басын куәландыратын құжаттар (бенефициарлық меншік иесі заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) болып табылатын және акционерлер (қатысушылар) тізілімінен үзінді көшірменің негізінде анықталған жағдайларды қоспағанда);

7) егер Серіктес жеке кәсіпкер болып табылса, жеке басты куәландыратын құжат, жеке кәсіпкер ретінде қызметтің басталғаны туралы хабарлама және талон;

8) Серіктестің қосылған құн салығы бойынша есепке қойылғанын растайтын құжат (егер Серіктес ҚҚС төлеуші ретінде тіркелген жағдайда);

9) егер сауалнамада және шартта атқарушы орган үшін уәкілетті тұлға қол қойса, қол қою құқығын растайтын құжаттың көшірмесі (қол қою құқығына сенімхат) (Серіктестің уәкілетті тұлғасының қолымен және Серіктестің мөрімен куәландырылған көшірме (бар болса); ЖК үшін нотариалды куәландырылған сенімхаттың көшірмесі);

10) Серіктестің банкте шоты бар екендігі туралы анықтама.

Осы арқылы Серіктес жоғарыда баяндалған барлық ақпараттың шынайы және жарамды екенін растайды, сондай-ақ осы арқылы «Airba Pay» ЖШС өзінің сөзсіз келісімін білдіреді:

1) берілген ақпараттың шынайылығы мен дұрыстығын өз күшімен және құралдарымен белгілеуге;

2) «Airba Pay» ЖШС тиісті бөлімшесінің сұрау салуы бойынша қосымша ақпарат пен растайтын құжаттаманы ұсынуға.

«Airba Pay» ЖШС осы сауалнамада Серіктес баяндаған ақпаратқа, сондай-ақ оның жарамдылығы мен дұрыстығы туралы мәліметтерге ие болуы мүмкін кез келген тұлғаларға жүгіну құқығын өзіне қалдырады.

Осы арқылы Серіктес осы сауалнамада ақпарат келтірілген жеке тұлғалар «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес «Airba Pay» ЖШС-ға олар туралы кез келген ақпаратты жинауға және өңдеуге, оның ішінде «Airba Pay» ЖШС-ға электрондық, қағаз және кез келген өзге де тасығышта тіркелген олардың дербес деректерін, сондай-ақ болашақта болатын өзгерістер мен толықтыруларды қоса алғанда (бұдан әрі – Дербес деректер), өз қалауы бойынша, «Airba Pay» ЖШС-мен, оның ішінде болашақта шарттар жасасумен және т.б. қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, байланысты/туындайтын кез келген құқықтық қатынастардың туындауына байланысты Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін кез келген тәсілдермен трансшекаралық табыстауға келісім беретінін растайды. Осы арқылы аталған тұлғалар мынаны растайды:

1) егер бұл Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келсе не «Airba Pay» ЖШС алдында орындалмаған міндеттеме болған жағдайда, осы келісім кері қайтарып алуға жатпайды;

2) осы келісім үшінші тұлғаларға Дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісім «Airba Pay» ЖШС мекенжайына берілгені туралы дәлел ретінде берілуі мүмкін;

3) осы келісім белгіленбеген мерзім ішінде (мерзімсіз) қолданылады және «Airba Pay» ЖШС-мен осы келісім берілген кезде бұрыннан бар және/немесе туындайтын барлық қатынастарға, сондай-ақ болашақта туындайтын кез келген басқа қатынастарға қолданылады.

Осы арқылы Серіктес Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатынын және ХТЖ қағидалары мен стандарттарына сәйкес келетіндігін растайды (егер көрсетілген стандарттар Серіктестің сақтауы үшін міндетті болып табылса).

Сауалнаманың толтырылған күні: « ____ » _____ 20 ____ жыл

(бірінші басшы/ өкіл/ЖК
лауазымының атауы)

(қолы)

(тегі, инициалдары)

м.о. (бар болса)

**Серіктестік (қосылу) туралы
Шартқа № 2 қосымша**

Үлгі

1. Airba FinTech пен Airba Pay сыйақысы

№ 1-кесте. Airba FinTech Сыйақысының мөлшері келесі кестеге сәйкес Клиенттер пайдаланатын Төлем жасау тәсілдеріне және олардың санаттарына байланысты Бағдарламалық жасақтаманы пайдалану арқылы Серіктес сатқан тауар құнының пайыздық қатынасында есептеледі. Егер Серіктестің Жеке кабинетіндегі Сыйақы мөлшерлемелері осы Кестеде көрсетілген мөлшерлемелерден өзгеше болған жағдайда, өзара есеп айырысу үшін Серіктестің Жеке кабинетінде көрсетілген Сыйақы мөлшерлемелері пайдаланылады.

Төлем жасау тәсілі	Мөлшерлеме, %
Экспресс – 1	
Экспресс – 3	
Экспресс – 4	
Экспресс – 6	
Экспресс – 12	
Экспресс – 15	
Экспресс – 18	
Экспресс – 24	

Airba FinTech Сыйақысының мөлшерін Тараптар бағдарламалық жасақтаманы пайдалану нәтижесінде Тауарды сату көлеміне, Тараптардың маркетингтік жоспарларына, сондай-ақ Төлем жасау тәсілдерін ұсынатын қаржы ұйымдары қызметтерінің құнына сүйене отырып, өзара тиімді негізде қайта қарауы мүмкін.

№ 2-кесте. Airba Pay Серіктеске қызмет көрсеткені үшін Сыйақы мөлшері. Егер Серіктестің Жеке кабинетіндегі Сыйақы мөлшерлемелері осы Кестеде көрсетілген мөлшерлемелерден өзгеше болған жағдайда, өзара есеп айырысу үшін Серіктестің Жеке кабинетінде көрсетілген Сыйақы мөлшерлемелері пайдаланылады.

Қызметтің атауы	Сыйақының ең төменгі сомасы	Мөлшерлеме, төлем/транзакция сомасының %-ы
Төлемдерді өңдеу бойынша қызметтер		
Қазақстан Республикасының эмитент-банктерінің төлем карточкаларын пайдалана отырып, төлем қызметтері (эквайрингтік операциялар)		
Шетелдік эмитент-банктердің төлем карточкаларын пайдалана		

отырып, төлем қызметтері (эквайрингтік операциялар)		
--	--	--

2. Сыйақы төлеу тәртібі

Осы Шарт бойынша көрсетілген қызметтер үшін Airba FinTech пен Airba Pay сыйақыларын осы Қосымшаның 1.-тармағында көзделген мөлшерде Серіктес мынадай тәсілдердің бірімен төлейді (*тиісті тәсілдің жанындағы жолаққа V қою арқылы таңдау*):

1-тәсіл:

Серіктес және Airba FinTech пен Airba Pay Актілерге қол қойғаннан кейін, бірақ есепті айдан кейінгі айдың 12 (он екінші) күнінен кешіктірмей Серіктес Airba FinTech пен Airba Pay-ге Сыйақы төлейді.

2-тәсіл:

Airba FinTech пен Airba Pay сыйақысы Airba Pay Серіктеске Төлем қызметтерін көрсеткен сәтте ұсталады (Серіктеске Шарт талаптары бойынша Airba FinTech пен Airba Pay-ге тиесілі Сыйақы сомасын шегергендегі Тауар құнының сомасы түседі). Airba FinTech-ке Сыйақының жіберілгені туралы ақпаратты Airba Pay Тауар құнының сомасынан Сыйақы сомасы ұсталған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Есеп айырысу банкіне беріледі.

Төлем қызметтерін көрсеткені үшін Airba Pay сыйақысын төлеу тәртібі (эквайрингтік операциялар) Шарттың 6.-бөлімімен реттеледі.

Серіктес:

Airba FinTech:
«Airba FinTech» ЖШС

Airba Pay:
«Airba Pay» ЖШС
